



Сыр бойы

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

№64-65
(20338-20339)



30 сәуір, сенбі 2022 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

● ПРЕЗИДЕНТ



«Біз әртүрліміз – біз теңбіз»

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқы Ассамблеясының «Ел бірлігі – жанарған Қазақстанның тірегі» атты XXXI сессиясының жұмысына қатысты.

Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде Ассамблея сессиясын Қазақстан халқының бірлігі күні қарсаңында өткізу игі дәстүрге айналғанын және мұның зор символдық мәні бар екенін атап өтті.

Мемлекет басшысы жана сын-қатерлердің туындауына ықпал ететін геосаяси ахуалдың ұшығып тұрғанына тоқталды. Оның пікірінше, мұндай жағдайда еліміздің азаматтық бірегейлігін нығайтып, отаншылдық рухты көтеруге баса мән беру керек.

2-бет

Сайлауға қатысып, дауыс берді

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқы Ассамблеясының XXX сессиясы аясында ҚР Парламенті Мәжілісінің шығып қалған депутатының орнына ҚХА атынан ұсынылатын депутатты сайлауға қатысып, дауыс берді.

Президент дауыс бергеннен кейін депутаттыққа үміткерлердің сенімді өкілдерімен әңгімелесті. Мемлекет басшысы алдағы уақытта Конституцияға өзгеріс енгізлетіндіктен, мұндай форматтағы сайлау соңғы рет өтіп жатқанын атап өтті.

● ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚ

Медицина университетінің жаңа филиалы

Бейсенбіде Қызылорда медициналық жоғары колледжі базасында М.Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медициналық университетінің интернатура және резидентура филиалы ашылды.

Айнұр БАТТАЛОВА, «Сыр бойы»

Салтанатты шараға облыс әкімінің орынбасары Балжан Шәменова, М.Оспанов атындағы БҚМУ директоры кеңесінің төрағасы, медицина ғылымдарының докторы, профессор Жақсылық Досқалиев, М.Оспанов атындағы БҚМУ басқармасының төрайымы-ректор міндетін атқарушы, медицина ғылымдарының докторы, профессор Эльнара Исмагулова, облыстық, қалалық медициналық ұйымдардың басшылары мен филиалда білім алуға ынтылау дәрігер-резиденттер, олардың тәлімгерлері қатысты.

Халқымыздың денсаулығы өте маңызды. Облыста медицина мамандарының тапшылығы бар, оны жасыра алмаймыз. 144 дәрігер жетіспейді. 2016 жылдан бастап облыс әкімінің арнайы гранты бөлінеді. Қазіргі кезде 111 бала білім алууда. Биыл 31 жас маман аймаққа келеді деп күтудеміз. Саланы қажетті мамандармен қамтуда бүгінгі шараның, яғни, көпжылдық тарихы бар білім ордасы филиалын өңірде ашудың маңызы зор, – деді облыс әкімінің орынбасары. Жиында Жақсылық Досқалиев фи-



лиалды ашуда қолдау білдірген азаматтарға алғысын айтып, жұмысына сәттілік тіледі.

филиалын ашу бастамасын көтерген ҚР Денсаулық сақтау министріне, қолдау білдіріп, жұмысты жүзеге асырған облыс әкімдігі мен басқарма басшылығына алғыс айтамыз. Енді «бұл филиал бізге не береді?» деген сауал туындауы мүмкін. Мұнда жас мамандар интернатурадан, резидентура мен магистратурадан өтеді және біліктілігін көтеру курстары ұйымдастырылатын болады. Оларға университет мамандары арнайы келіп, дәріс береді. Бұл жерде 13 түрлі маман, яғни, жетіспейтін мамандар дайындалады, – деді ол.

● 1 МАМЫР – ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ БІРЛІГІ КҮНІ

Достық көрмесінің келбеті



Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесінің маңызы ерекше екенін естен шығармауымыз қажет. Өзара түсіністік, ұстамдылық, әртүрлі ұлт өкілдерінің рухани және мәдени құндылықтарына құрметпен қарау әдеби барлық этностарға ортақ жалпыхалықтық идеялар мен қасиеттерді қалыптастыруға әсер етті. Нәтижесінде әрбір ұлт конституциялық құқықтық заңнама негізінде өзіне тән этностық ерекшелігін сақтай отырып, Қазақстанның қоғамдық құрылымына үйлесімділікпен сіңісе білді.

Дүйсенбек АЯШУЛЫ, «Сыр бойы»

Бұған дәлел көп. Қазір әлеуметтік желілерде қазақша ән салып, мақалдап сөйлеп, ақыл айтып отыратын отандастарымыз бар. Мемлекеттік тіл менің тілім деп есептейтін өзге ұлт өкілдері де жетерлік. Оларды көрмей кету орынсыз.

Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесінің маңызы ерекше екенін естен шығармауымыз қажет. Өзара түсіністік, ұстамдылық, әртүрлі ұлт өкілдерінің рухани және мәдени құндылықтарына құрметпен қарау әдеби барлық этностарға ортақ жалпыхалықтық идеялар мен қасиеттерді қалыптастыруға әсер етті. Нәтижесінде әрбір ұлт конституциялық құқықтық заңнама негізінде өзіне тән этностық ерекшелігін сақтай отырып, Қазақстанның қоғамдық құрылымына үйлесімділікпен сіңісе білді.

ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ҚҰТТЫҚТАУЫ

Қымбатты жерлестер!

Баршаңызды ырысты ынтымақ пен берекелі бірліктің, татулық пен қоғамдық келісімнің мейрамы – 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Халқымыздың «Бірлік болмай, тірлік болмайды» деген сөзі бүгінгі күні достық, татулық ұғымдарын қастерлеудің үлгісі болып отырғаны анық.

Кешегі кеңестік зұлмат заманда қаншама этнос өкілі туған жерінен қоныс аударуға мәжбүр болып, Қазақстанды паналады. Қазақ халқы ешкімді де жатсынбай, қамқор құшағына алып, дархан пейілін көрсетті.

Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесінің маңызы ерекше екенін естен шығармауымыз қажет. Өзара түсіністік, ұстамдылық, әртүрлі ұлт өкілдерінің рухани және мәдени құндылықтарына құрметпен қарау әдеби барлық этностарға ортақ жалпыхалықтық идеялар мен қасиеттерді қалыптастыруға әсер етті. Нәтижесінде әрбір ұлт конституциялық құқықтық заңнама негізінде өзіне тән этностық ерекшелігін сақтай отырып, Қазақстанның қоғамдық құрылымына үйлесімділікпен сіңісе білді.

Құрметпен, облыс әкімі Нұрлыбек НӨЛІБАЕВ



«Біз әртүрліміз – біз теңбіз»

– Қазақстан халқы Ассамблеясы жаңа жағдайда біздің бейбітшілік пен келісім жөніндегі саясатымыздың берік әрі институционалды тірегі қызметін атқаратынына сенімдімін. Бүгінгі сессияның міндеті – Ассамблеяның саяси жүйені реформалау ісіндегі орны мен ролін анықтау, оны әрі қарай дамытудың бағытын белгілеу. «Біз әртүрліміз – біз теңбіз» қағидаты саяси жаңғырудың іргелі компоненті деген пікірді ұстанамыз, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде Қазақстан халқы Ассамблеясы қызметінің үш негізқұраушы басымдығын айқындап берді. Біріншісі – саяси реформаларды жүзеге асыру ісіндегі Қазақстан халқы Ассамблеясының ролін қушейтеу.

– Қазақстан халқы Ассамблеясының Мәжілістің квотасының жойылуы демократиялық сайлау стандарттарының сақталуына қатысты бірқатар мәселенің күн тәртібінен алынуына септігін тигізеді. Осы ретте Ассамблеядан ұсынылған сенаторлар жалпыұлттық интеграция мен этномәдени әралуандылық негізінде Қазақстандағы этникалық топтардың барлық мүддесін тиімді қарастыратын болады. Мұндай модель Қазақстанның парламенттік жүйесінің халықаралық тәжірибесі мен ерекшелігіне сай келеді, – деді Президент.

Мемлекет басшысы Қазақстан халқы Ассамблеясынан Сенат депутатына ұсынылатын үміткерлерді таңдаудың тиімді әрі ашық рәсімдерін әзірлеу қажет екенін атап өтті. Бұл мәселенің бәрі «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» жаңартылған заңда көрініс табуға тиіс.

– Партиялық және сайлау жүйелерінің реформасы барлық азаматтың сайлау үдерістеріне қатысуы үшін жаңа мүмкіндіктер ашады. Іс жүзінде тұтас сайлау ландшафтын қамтитын жаңа партиялар пайда болады деп болжануда. Партиялық тізім, сондай-ақ бірмандатты округтар бойынша үміткерлерді сайлау Қазақстанның этникалық әралуандығын шынайы түрде көрсетеді. Сонымен қатар этносаралық факторын саясиландыруға және бұл тақырып бойынша арандатушылық сипаттағы талқылауларға да мүлде жол беруге болмайды, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент бұл бағытта Ассамблея тарапынан түсіндіру жұмыстары кең көлемде жүргізілуі қажет деп санайды.

– Елімізде тұратын барлық этнос өкілдерінің жалпызаматтық құндылықтарды құрметтеуі және өздерін Қазақстанмен байланыстыруы аса маңызды. Бұл – Тәуелсіздік жылдарындағы біздің үлкен жетістігіміз. Оны жан-жақты нығайтуға міндеттіміз.

Жаңа саяси жағдайда бейбітшілік пен келісімді және халықтың бірлігін аса маңызды санайтын азаматтардың партия ішіндегі дауысына басымдық беріледі, – деді Мемлекет басшысы.

Ақпараттық жұмыстарды қушейтеу және Қазақстан халқы Ассамблеясының қоғамдағы әлеуетін арттыру мәселесі екінші басымдық ретінде аталды. Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, еліміздің әрбір азаматы жұртшылықтың алдына шыққанда ұлттық мүдде мен қазақстандық патриотизм қағидаттарын басшылыққа алуы керек. Бұл – аса маңызды.

– Болған және болатын сыртқы қақтығыстар азаматтарымыздың арасында ұлтаралық жанжал тудырып, жікке бөлінуге пайдаланылауы керек. Оған жол беруге болмайды. Мұндай арандатушылықтар болып жатыр. Оны көріп отырмыз. Бірақ арандатушылар қайда тұрса да, қандай құжаттармен түлғасын жасырса да, қалай құбылса да біздің бірлігімізге нұқсан келтіріп, мемлекетіміздің дербес саясат жүргізу құқығын бұза алмайды. Бейбітшілік пен тұтастық – басты құндылығымыз, онсыз болашақ жоқ екенін бәрі есте ұстауы керек. Біздің Қазақстаннан басқа Отанымыз жоқ, болмайды да, – деді Президент.

Мемлекет басшысы біздің алуан түрлі мәдениетімізді танытатын бірегей ақпаратты қысқартуға, ауқымды кеңейтіп келе жатқан қазақтілді аудиториямен тығыз жұмыс істеуге шақырды. Оның пікірінше, Қазақстанның дамуына өзге этностардың қосып жатқан үлесі туралы мемлекеттік тілде айту өте маңызды. Осы бағытта жұмыс істейтін БАҚ-қа қолдау көрсетіледі.

Қасым-Жомарт Тоқаев келесі айда жаңа диалог алаңы – «Ұлттық құрылтайдың» алғашқы отырысы өтетінін хабарлады. Бұл жиын елімізді дамытудың өзекті мәселелерін талқылау үшін қоғамды жұмылдыруға бағытталған.

– Бұл жалпыұлттық диалогтың әмбебап моделіне айналады. Құрылтайдың құрамына депутаттар, ҚХА мүшелері, сарапшылар мен құқық қорғаушылар, барлық өңірдің, сондай-ақ Азаматтық альянстың, қоғамдық кеңестердің, бейресми ұйымдардың, бизнес қауымдастықтар мен өндіріс саласының өкілдері кіреді. Ассамблея Ұлттық құрылтаймен бірлесіп, тиімді жұмыс істеуі керек. Себебі, түптеп келгенде, екеуінің мақсаты – ортақ. Ауқымды өзгерістерге жастардың да белсене қатысқаны абзал. Кеше тұңғыш рет Қазақстан халқы Ассамблеясының Жастар сессиясы өтті. Оның ұсынымдарын мұқият зерделеу қажет, – деді Мемлекет басшысы.

Үшінші басымдық – құқық қорғау қызметін қушейтеу. Осы бағытта Ассамблея медиацияға негізделген

кәсіби келіссөз жүргізушілердің бірегей институтын қалыптастыруға кірісті.

– Этномедиация оқу орталығын құру керек. Онда тұрақты оқу курстарын ұйымдастырып, аудандық деңгейдегі мемлекеттік қызметшілердің басым бөлігі даярлықтан өтуге тиіс. Ақпарат және қоғамдық даму, Білім және ғылым министрліктеріне Мемлекеттік басқару академиясымен, ҚХА Хатшылығымен және басқа да уәкілетті органдармен бірлесіп, осы мәселе жөнінде жүйелі ұсыныстар енгізуді тапсырамын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент Қазақстан қоғамның барлық саласы батыл өзгерістер жолына түскенін атап өтті. Осыған байланысты Конституцияға елдің саяси жүйесін түбегейлі өзгертетін толықтырулар енгізу туралы бастама көтерілді.

– Біз жаңа мемлекеттік модельге, мемлекет пен қоғамның өзара іс-қимылының жаңа форматына көшеміз. Бұл сапалы түрде өзгеруді Екінші Республика деп атауға болады. Жұмыс тобы Ата Заңның 33 бабына түзетулер әзірледі. Бұл – тұтас Конституцияның үштен бір бөлігі. Осы өзгерістерді енгізу туралы заң жобасы Конституциялық кеңестің қарауына жіберілді, жақын арада шешімін шығарады, – деді Президент.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев әзірленген түзетулердің тарихи маңызы бар деп есептейді. Бұл мемлекеттілігімізді дамытудың жаңа кезеңін білдіреді.

– Осы реформалар қолға алынған кезде Конституцияға енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың жобасын Парламент қарайды деп ойлаған едік. Бұл – қолданастағы заңнамада орныққан рәсімнің бірі. Алайда, алдағы ауқымды әрі маңызды өзгерістер ел болашағына айрықша әсер етеді. Сондықтан мен Ата Заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде республикалық референдум өткізуді ұсынамын. Референдум – аса маңызды демократиялық институт. Алайда Қазақстанда ол соңғы рет 1995 жылы қазіргі қолданастағы Конституция бекітілген кезде өткізілді. Одан кейін «Республикалық референдум туралы» Конституциялық заң қабылданды. Бірақ содан бері Конституцияға төрт рет өзгертулер енгізілгеніне қарамастан, ол іс жүзінде қолданылған жоқ. Конституцияны жалпыхалықтық дауыс беру арқылы өзгерту халық қалауының айқын көрінісі болады деп есептеймін. Референдум әрбір азаматқа ел тағдырын шешуге тікелей қатысуға мүмкіндік береді және жан-жақты демократияландыру мен Жаңа Қазақстанды құру жолындағы бағытымызды нығайтады, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент Жаңа Қазақстан

дегеніміз, шын мәнінде, Әділетті Қазақстан екеніне тағы да тоқталды.

– Жаңа Қазақстан – қарқынды түрде өзгеріп жатқан әлемде ұлттық бірегейлігімізді нығайтудың жолы. Жаңа Қазақстан ұғымын сан-саққа жүргізіп, бұрмалауға болмайды. Азаматтардың бәрін ортақ іске жұмылдырмайынша, мемлекеттік аппарат та, қандай да бір саяси шешімдер мен экономикалық тетіктер де елімізді жанартауға қауқарсыз. Жаңа Қазақстанды құру үшін жеке және қоғамдық құндылықтар жүйесін толығымен реформалау қажет. Біз неопотизм мен патернализмге, сыбайлас жемқорлық пен компрадоризмге түбегейлі тосқауыл қоямыз. Жаңа Қазақстан әділдіктің территориясына айналуы керек. Ол үшін тек заңның әріптерін ғана емес, рухын да ұстану қажет. Заңдар догма емес, ол азаматтардың өзекті мәселелерін шешу үшін жетілдіріліп отыруға тиіс. Заң, әділдік және тәртіп біздің бақуатты өмірімізді айқындайтын нақты факторларға айналады, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев диалог мәдениетін қалыптастыру және қоғамда өзара түсіністік пен сенімді нығайту қажет екеніне арнайы тоқталды. Мұның бәрі елдің жарқын болашағы мен халықтың әл-ауқаты үшін қажет.

– Біз көзқарастарымыз бен наным-сенімдерімізді айырмашылықтарға қарамастан, бір-бірімізді түсінуге және құрметтеуге тиіспіз. Бізді біріктіретін, қушейтегін, үйлестіретін ортақ құндылықтарға ұмтылуымыз қажет. Біздің «Әртүрлі көзқарас біртұтас ұлт» деген қағидамыз мызғымайды. Патриотизмнің жоғары құндылықтарын

ұлтаралық артықшылық сезімімен алмастыруға, достық пен бірліктің орнына бір-біріне деген өшпенділікке жол берілмейді, – деді Президент.

Мемлекет басшысы төзбеушілік пен «өзіміз және өзгелер» деп бөлінудің кез келген көрінісінің қатаң түрде жолын кесуге шақырды. Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқы өзінің бірлігін сақтауға, нығайтуға тиіс. Тек бірлескен күш-жігер арқылы ғана Жаңа Қазақстанды құра аламыз деп есептейді.

– Біз барлық жоспарымызды міндетті түрде жүзеге асырамыз. Мен бұған кәміл сенемін. Біз Екінші Республиканы бірге құрамыз, Жаңа Қазақстанды бірге өркендетеміз! Әр азаматқа бірдей мүмкіндік беретін әділ әрі дамыған мемлекет боламыз! Сөз соңында сіздерді алда келе жатқан Қазақстан халқының бірлігі күнімен және Ораза айт мерекесімен құттықтаймын! – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сессия барысында Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің кафедралық меңгерушісі Наталья Калашникова, «Қазақстан корейлері қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігінің президенті Сергей Огай, «Халықаралық қазақ тілі қоғамы» қоғамдық бірлестігінің вице-президенті Максим Рожин, саяси шолушы Никита Шаталов, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің проректоры Дихан Қамзабекұлы, «Азаттық Рухы» агенттігінің тілшісі Надежда Палинка, «Ахысқа» түрік этномәдени орталығы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Нұр-Сұлтан қалалық бөлімінің төрағасы Әскер Пириев және музыкант, блогер Алексей Лодочников сөз сөйледі.

Сессияға облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев онлайн режимде қатысты. Ал, Нұр-Сұлтан қаласындағы сессия жұмысына Қызылорда облысынан 15 өкіл барды. Жиында Мемлекет басшысы Ассамблея сессиясын Қазақстан халқының бірлігі күні қарсаңында өткізу игі дәстүрге айналғанын және мұның символдық мәні бар екенін атап өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқы Ассамблеясы қызметінің үш негізқұраушы басымдығын айқындап берді. Біріншісі – саяси реформаларды жүзеге асыру ісіндегі Қазақстан халқы Ассамблеясының ролін қушейтеу. Екіншісі – ақпараттық жұмыстарды қушейтеу және Қазақстан халқы Ассамблеясының қоғамдағы әлеуетін арттыру. Үшіншісі – құқық қорғау қызметін қушейтеу.

Президент келесі айда жаңа диалог алаңы – «Ұлттық құрылтайдың» алғашқы отырысы өтетінін хабарлады. Сондай-ақ, Конституциялық реформалар жобасы бойынша елде референдум өткізуді ұсынды.

Сессия барысында ҚХА Төрағасы Марат Әзілханов тәуелсіздікті, елдегі татулық пен келісімді қушейтеуде Ассамблеяның қызметі айрықша екенін атап өтті.

Айта кетейік, облыс халқының 96,4%-і қазақ ұлтынан, 3,6%-і 35 этностық топтан құралған. 11 этномәдени бірлестік жұмыс атқарады. Облыстық Ассамблея жанында 8 қоғамдық құрылымы бар. Аудандарда осы бағытта 5 қоғамдық бірлестік жұмыс жасайды.

● АУЫС-ТҮЙІС

Сенім – ерге сын



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев актив отырысында Қызылорда қаласының жаңа әкімін таныстырды.

Жиында аймақ басшысы қала әкімі қызметін атқарған Ганибек Қазантаевтың өз өтінішіне сәйкес Қызылорда қаласының әкімі лауазымынан босатылғанын хабарлап, қаланың әлеуметтік-экономикалық, рухани-мәдени дамуына сүбелі үлес қосқаны үшін алғыс білдірді және Қызылорда облысының Құрмет грамотасын табыстанды.

Өз кезегінде Ганибек Қазантаев әріптестеріне бірге жұмыс істеу барысында көрсеткен қолдауы үшін ризашылығын білдірді.

Облыс әкімінің өкімімен Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі және Қызылорда қалалық мәслихатының келісімі бойынша Қызылорда қаласының әкімі лауазымына Асылбек Шәменов тағайындалды.

Аймақ басшысы жаңа әкімді

таныстырып, қызметінде сәттілік тіледі.

– Асылбек Өмірбекұлы бұған дейін де бірқатар жауапты қызметтерді атқарған. Қаланың тыныс-тіршілігімен етене таныс. Әсіресе Қызылорда қаласы әкімінің орынбасары ретінде қаланың қайнаған қазанында шыңдалған тәжірибелі және іскер басшы. Бүгінгі күнге дейін Жалағаш ауданының әкімі қызметінде жүріп, ауданның экономикалық жағдайын жақсарту мен әлеуметтік әлеуетін арттыру жолында ауқымды жобаларды жүзеге асырып, жергілікті халықтың қолдауына не болған. Ендігі кезекте, осы жанаған тәжірибесі мен білімін, іскерлік қабілетін облыс орталығы – Қызылорда қаласын дамытуға арнап, сүбелі үлес қосады деп сенеміз, – деді облыс әкімі.

Асылбек Шәменовке Қызылорда қаласының қоғамдық-саяси ахуалының тұрақтылығына жауапты болып, халықтың әл-ауқатын көтеру мақсатында экономиканың барлық салалары бойынша дамуың он параметрлеріне қол жеткізуді тапсырды.

Сондай-ақ, қаланың санитарлық тазалығы, көпқабатты тұрғын үйлердің сәулеттік келбеті, көркейтуді-қоғалдындыру жұмыстарына және тіршілікті қамтамасыз етуші кәсіпорындардың үздіксіз жұмыс жасауына баса назар аударуды, облыс орталығының сол жағалауын игеру мен дамыту бойынша жаңа жобаларды жүзеге асыруды міндеттеді.

Жиында қоғам қайраткерлері Қожахмет Баймаханов, Айтбай Көшербаев шаһардың жаңа басшысының қызметіне сәттілік тілеп, жерлерінің өңірі өркендеу жолында бірлесіп әрекет етуге шақырды.

басшысы, Қызылорда қаласы әкімінің орынбасары болған.

2021 жылдан бастап осы кезге дейін Қызылорда облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы лауазымында абыроймен қызмет атқарып келді.

Сондықтан Мемлекет басшысының саясаты аясында берілген тапсырмаларды бұлжытпай орындап, өздерінен бірге туған жері Жалағаш ауданын одан әрі дамытуға аянбай жұмыс жасайтынына сенемін, – деді облыс әкімі.

Жиында сөз алған ардагерлер қауымы ауданның жаңа әкімінің қызметіне тілеуестік білдірді.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

● ТАҒАЙЫНДАУ

Асылбек Шәменов – Қызылорда қаласының әкімі

Облыс әкімінің өкімімен Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі және Қызылорда қалалық мәслихатының келісімі бойынша Қызылорда қаласының әкімі лауазымына Шәменов Асылбек Өмірбекұлы тағайындалды.



Асылбек Өмірбекұлы 1978 жылы Жалағаш ауданында дүниеге келген. Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетін «Халықаралық туризм», Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетін «Мұнай-газ кен орындарын игеру» және «Құрылыс» мамандықтары бойынша бітірген.

Еңбек жолын «Қызылорда интеграция» компаниясының менеджері ретінде бастаған.

Әр жылдары жеке секторда жауапты басшылық қызметтер атқарған. Мемлекеттік қызметтегі еңбек жолын ең төменгі сатыдан бастап, кәсіби біліктілігі мен ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы басшысының орынбасары, Қызылорда қаласы әкімінің коммуналдық шаруашылық саласына жетекшілік ететін орынбасары, Қызылорда облысының жұмылдыру дайындығы басқармасының басшысы қызметіне дейін саты-сатысымен, меритократия қағидатымен көтеріле білді.

2020 жылдың наурыз айынан бастап Жалағаш ауданының әкімі қызметін абыроймен атқарып келді.

Асқарбек Есжанов – Жалағаш ауданының әкімі

Асқарбек Темірбекұлы 1978 жылы Жалағаш ауданында туған. Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетін «Тарих және құқық пәнінің мұғалімі», Қызылорда гуманитарлық университетін заңгер мамандықтары бойынша бітірген.



Еңбек жолын Қызылорда экология және құқық колледжінде оқытушы болып бастаған. Мемлекеттік қызметте мол тәжірибесі бар.

Әр жылдары облыс әкімі аппаратында бөлім басшысы, Қызылорда қаласы әкімі аппаратының басшысы, Қызылорда қалалық білім бөлімінің басшысы, Қызылорда қалалық мәслихат аппаратының басшысы, Қызылорда қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы, Қызылорда қаласы әкімінің орынбасары болған.

2021 жылдан бастап осы кезге дейін облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы болды.

«Сыр болашағы» құрылтайы

Сол жағалаудағы Жастар ресурстық орталығында мемлекеттік қызмет істері агенттігі облыстық департаментінің бастамасымен «Сыр болашағы» жас мемлекеттік қызметшілер клубының құрылтайы өтті. Жиында облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Мира Қазбекова қатысты.

Аружан ЕРАЛЫ, «Сыр бойы»

Аталған клуб 2012 жылы ашылып, алғашында белсенді жұмыстар атқарылған. Биылдан бастап мемлекеттік қызметтің имиджін арттыру мақсатында өз жұмысын қайта жандандырмақ.

Кездесуде аймақтағы мемлекеттік органдарда қызмет атқаратын белсенді жастар бас қосты.

– «Сыр болашағы» жас мемлекеттік қызметшілер клубы құрамына алғашқы жылдары 30 жасқа дейінгі қалалық, аудандық әкімдік, облыстық және аумақтық департамент, басқармада жұмыс істейтін мемлекеттік қызметшілер мен қызметке қабылданғысы келетін жастар кірді. Олар жас мемлекеттік қызметші конкурсы, интеллектуалдық, спорттық шаралар және үйірмелер ұйымдастырған. Сол кезде клубтың белсенді мүшесі болғандар бүгінде лауазымды қызметтерде жұмыс істейді. Сол себепті сіздерді де бірлесіп еңбек етуге шақырамын. Клуб жұмысына сәттілік тілеймін, – деді М.Қазбекова.

Клубтың мақсаты – жас мемлекеттік қызметшілер арасында қарым-қатынас орнатып, өзара пікір алмасу алаңын қалыптастыру, кәсіби және іскерлік қабілеттерін шыңдай отырып, мемлекеттік қызметті одан әрі жетілдіру бойынша ұсыныстар беру.

Клубтың жаңа торағалығына делегаттардың таңдауы облыс әкімі аппаратының бас инспекторы, белсенді жас мемлекеттік қызметші Мәди Бекмағамбетовке түсті. Қошбасшылар бас қосқан құрылтайда мемлекеттік қызметкерлер ұсыныстар айтып, алдағы жоспарларын талқылады.

Мәні терең мерекелер

Мамыр айындағы мерекелерді аймақта мазмұнды ұйымдастыру үшін Президент Әкімшілігі ұсынған нұсқаулыққа сәйкес облыстық күнтізбелік жоспар әзірленген. Жоспарда атаулы мерекелер жалпыхалықтық сипат алуы үшін Орталық алаңда, халық көп шоғырланған орындарда, еңбек ұжымдары мен оқу орындарында өтетін іс-шаралар қамтылған.



Қала, аудан орталықтары мен елді мекендерде безендіру жұмыстары жүргізіліп, барлық мереке тойланбақ. Қазақстан халқының бірлігі мерекесіне арналған салтанатты іс-шара биыл орталық алаңда кең көлемде аталып өтіледі. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар орталығы ұйымдастырған көшпелі брифингте айтылды.

Статистикаға сүйенсек, облысымызда халықтың 96,4 проценті – казак, 3,6 проценті – 35 этнос өкілдері. Олардың көпшілігі тағдырдың тәлкегімен Сыр өңірін пана тапты. Олар біздің арамды аймақтың өсіп-өркендеуі үшін аянбай еңбек етуде. Ал бейбітшілік пен ынтымақты ту еткен мерекені жоғары деңгейде атап өту үшін 48 қоғамдық-бұқаралық, мәдени-көпшілік, спорттық, ағартушылық және ғылыми-танымдық іс-шара жоспарланған.

Мерекелік мәдени-көпшілік шара 1 мамыр күні таңертең орталық алаңда өтеді. Ұлттық спорт түрлерінен сайыстар, этнос өкілдерінің тарихи экспонаттары мен колонер көрмелері, сауда қатарлары, балалар ойын алаңдары ұйымдастырылады. Аталған шаралардың бел ортасында облыстық Қазақстан халқы ассамблеясының қоғамдық құрылым-

дары мен этномәдени бірлестіктерінің белсенділері болады. Мерекелік концертке белгілі өнерпаздар қатысады.

Сондай-ақ білім беру мекемелерінде «Қазақстан – бірлік пен татулық мекені» атты ашық тәрбие сағаттары, музейлерде «Қазақстан бірлік пен татулық мекені», «Татулық – достықтың киелі бесігі», «Ынтымақ пен бірлік мекені» атты көрмелер, ашық есік күндері өтеді деп жоспарланған. Вело критерийум спорттық жарыстары және мекемелерде мерекелік қабылдаулар мен мәдени-танымдық кештер өткізіліп, осы бағытта қала және ауданның көрнекті жерлеріне 78 билборд ілінген. Қызылорда қаласы мен аудандарда халықтық серуендер, «Таза аула» сайыстары, қайырымдылық шаралар мен волонтерлік көмектер ұйымдастырылмақ, – делі облыстық мәдениет және спорт басқармасы басшысының орынбасары Жанат Құрамысова.

7 мамыр – Отан қорғаушылар күні де жас ұрпақтың отансүйгіштік сезімін арттыруға арналған шаралар «Бейбітшілікті қорғау» ұранымен өтпек. Өткізілетін шаралар «Отан қорғаушының» жасампаз бейнесін ерліктің, батылдықтың және мемлекеттік сенімді қорғанысының символы ретінде әскерилердің

даңқын асыруға арналады. Мерекелеудің бірінші топтастырушы рәмізі ретінде патриоттық «Жеңіс лентасын» жаппай тағуға шақырады. «Әскерге бару – азаматтық парызым» атты вайндар байқауы, облыстан әскерге аттанған жас сарбаздардың «Мен әскердемін» патриоттық бейнечелендігі ұйымдастырылып, жалпы білім беру мекемелерінде «Ерлік сабақтары» мен патриоттық акциялар өткізіледі.

Ал 9 мамыр – Отан соғысындағы Жеңістің 77 жылдығы. Бүгінде облыста 7 соғыс ардагері бар. Майдангерлерге 1 млн 114 мың теңге көлемінде әлеуметтік төлем беріледі. Жалпы өңірдегі 2 867 ҰОС ардагерлеріне теңестірілген азаматтарға бірқолғы материалдық көмек көрсетуге облыстық және аудандық бюджеттен барлығы 417,3 млн теңге бөлінген. «Батырларға тағзым» акциясы биыл онлайн форматта өтеді. Ол үшін TengriNews ақпараттық порталында арнайы платформа әзірленді. Платформаға әр қазақстандық соғысқа қатысқан аталарының, жақындарының ақпараттарын суреттерімен орналастыра алады. «Батырларға тағзым» онлайн шеруі ұйымдастырылмақ.

Сонымен қатар, Отан соғыс ардагерлерін ұлықтау мақсатында барлық білім беру ұйымдарында «Ұлы Жеңіс – ұраным!» атты өңірдегі Отан соғысы ардагерлері туралы тәрбие сағаттары, «Өшпес алау» атты студент жастардың, Сыр спортшыларының Жеңістің 77 жылдығына арналған патриоттық бейнечелендігі, белсенді жастар ұйымдарының, студент жастардың, волонтерлардың «Ардагерлерге тағзым» қайырымдылық акциясы ұйымдастырылады.

Әрбір қызылордалық үшін бұл мерекелер әскери дәстүрлердің сабақтастығымен, аға ұрпақтың бейбітшілік пен мемлекет тәуелсіздігін сақтаудағы ерлігімен тығыз байланысты. Барша қала тұрғындары мен қала қонақтары мамыр айының мерекелеріне белсенді қатысуға шақырамыз.

«СБ» ақпарат

«Третий» дейді жалпақ тілде. Жергілікті жұрттың аузындағы сөз бұл. Былайғы кезде оны III Интернационал ауылы деп толық тәпсірлеген ешкімді көрмедім. Сол баяғы «Третий». Қармақшы ауданындағы ірі елді мекенде талай болдык. Тіршілік арбасын сүйреткен түрлі ұлт бар мұнда. Жерден несібесін теріп жейді. Кезінде жел айдаған қаңбақты жер ауған аталарының дәстүрін де ұмытпаған. Жергілікті жұртпен сіңісе отырып, еңбек қылады. Сол еңбектің арқасы болар, мұнда тұратын 11 ұлт бір-бірімен тату.

Ержан ҚОЖАСОВ,
«Сыр бойы»

Құшағын ашқан «Қашқансу»



«Тіршіліктің түзу жолы жоқ»

Тарих бетін парактасаныз, бұның бәрі сталиндік зобаланнан басталған. 1937 жылы қыр-күйекте Қыр Шығыстан корей халқын Қазақстанға көшірді. Соның бірсыпырасы Қармақшы жеріндегі «Қашқансу» ауылдық кенесіне қоныс аударды. Пак Ин Кван, Цай Ден Хак, Ким Тен Сем сияқты азаматтар жана өңірде еңбек туын желбіретті. Егін егуді қолға алып, соғыс жылдарында осы қолхоз дикандары 215 гектар күріштен 3689 центнер өнім алғаны туралы дерек те бар.

Соғыс демекші, бұл ауылға түріктер де қоныстанды. 1944 жылы Грузиядағы Месхетия таулы өңірінен түріктерді біздің республикаға жер аударды. Сол уақытта Қармақшыға 28 отбасы келді. Жергілікті қазақтар бұл ағайынды да қабақ шытпай, қамқор көңілмен қарсы алды.

Жалпы бүгінгі ауыл атауы ілгерінен бар дедік қой. Сол кездегі Қашқансу табанындағы «Черновная земля», III Интернационал мен сол уақыттағы Бозарқаш ауылдық кенесіне қарасты «Утренняя заря» қолхозшылары бірігіп, жана қолхоз құруға бекінді. Бұл 1950 жылы болған. Жана қолхоз «III Интернационал» деп аталып, оны председателі болып Цай Ден Хак сайланды. Бүгінде ауылдың тік тұруына бірден-бір себепкер корей азаматы 1984 жылға дейін қолхоз басшысы болған.

Расымнен кейіннен (1966 жылы) Социалистік Еңбек Ері болған Цай Ден Хак қолхоз басқарған уақытта мемлекетке ауыл шаруашылығы өнімдеріне 10 мың центнер күріш, 700-800 центнер сүт тапсырып отырған. Егіс көлемі артып, күзде дикан қауымы әр гектардан 38,2 центнер күріш алған. Өнім 174 мың центнерден асқан кездер болған. Бұл сол 1950-1960 жылдардағы көрсеткішпен қарап, қолхоз тарихында болмаған жетістік еді.

Тақырыпшада айтылғандай, бұл сөз де корей ағайындардікі. Рас-ау, тіршілік атауында түзу жол жоқ. Керісінше олар түрлі бұралма мен қисық тағдырдың салмағына төзді, көтере білді. Ата-бабалары айтып кеткен осы нақылды сөзді берік ұстаған корейлер сол кезгі ауыртпалықты үнсіз көтеріпті. Әлі де сыртқа сыр бермей, бір-бірінің сағын сындырмастан, біріге еңбек етіп келеді.

Иә, Қармақшыда қоныстанған 30 шақты корей отбасы қазір едәуір көбейген. Түтін саны 60-қа жуықтаған олар қазақ халқымен қолтықтаса, тату-тәтті өмір сүруде.

Олар өз Отаным деп келеді

Ата-бабаларымыз жөн-жосын сұрамай-ақ төрінен орын берген ұлт көп қой. Мақалада айтып өткендей, Қармақшы топырағы түрік ағайынға да майдай жақты. Өз жерінен ауып, азып-тозып Сыр бойына жеткенде біздікілер қарап қалмады. Қамқорлығын аямады, қайырымды қолын созды. Мұны сол дәуірде жер ауып келгендердің ұрпағы әлі де аузынан тастаған емес.

1944 жылы күздің қара суығында жайдақ вагонға тиелген түріктер қазақ жеріне

табан тіреді. Сол уақыттағы кейбір саяси ұстанымның осы халыққа өз салқынын тигізгені рас. Кенес үкіметі үшін жат пиғылды көрінген түрік бауырларды түртпектей отырып, ақыры Кавказ жерінен шұғыл көшіргенін қайтерсің? Сондай бір тобы Қармақшы жеріне келді. Барлығы 33 отбасы «Қашқансу» табанына тұрақтап, адал еңбекпен күн көрді. Қазір сол 33 отбасының саны артып, бүгінгі III Интернационалда 200-ден астам түрік шаңырағы өсіп-өніп отыр. Дәл осы ағайынның ішінен галым да, дәрігер де, түрлі саладағы еңбек адамдары мен кәсіпкерлер көптеп шықты. Әрі олар өздеріне құт-мекен болған III Интернационал ауылын ұмытқан емес. Мақтаншы тұтып, Отаным деп әспеттейді. Сыртқа қоныс аударса да, жиі соғып, өскен өлкесін естен шығармай келеді.

Қазір осы ауылда корей мен түрікпен бөлек орыс, өзбек, беларусь, украин, шешен, татар, күрд, марий сияқты ұлт өкілдері бар. Бір-бірімен ишай деместен келеді. Қазақ жерінің байлығы мен рухани қазынасын молайтуда үлесі зор. Татулық пен ынтымақты ту еткен «третийліктер» жыл сайын егін егуден көш бастап тұр. Құш-жүгерін ел бірлігіне жұмсаған ауылдың берекесі де артары сөзсіз дүние ғой. «Қашқансу» құшағына алған көп ұлттың бүгінде қабағы жадыраңқы. Тәуба дейміз.

Киноға сұранып тұр

Бүгінде 2 жарым мың халқы бар III Интернационал ауылында ең ірі бір шаруашылық бар. 2000 гектардан астам күріш егеді. «Достық Жер» МК деп аталатын үлкен серіктестікте жергілікті халықтан бөлек, барлық ұлт өкілдеріне жұмыс істейді. Барлығы 250 адамға жуықтайды. Дұрысы, тұрғындардың басым көпшілігі осы шаруашылықта еңбек етіп жүр. Мұнан бөлек, 14 шаруа қожалығы түрлі бағытта кәсіп қылуға.

Айтпақшы, осында кино түсірілімі болып жатыр. Атауы да ауылмен аттас. 10 сериялы фильмді қолға алған «BAS Production» компаниясы.

– Мен өзім осында туғанмын. Содан болар үш жылдан бері ойымда келе жатқан идеяны кино етіп түсіруге бел будық. Атауы да «III Интернационал» деп қойдық. Мақсат – мұнда мекендейтін қазақ халқынан бөлек, өзге ұлт өкілдерінің достығын дәріптеу, татулығын көрсете білу. Екіншіден, мұндағы барлық халық өкілдері қазақ тілінде сөйлейді, фильм де қазақ тілінде түсіріледі. Бұл – нағыз киноға сұранып тұрған елді мекен. Министрліктің қолдауымен, «НТК» арнасының тапсырысы аясында ауыл халқының бірлігін көрсететін көпсериялы фильм комедия жанрында болмақ, – дейді компанияның бас продюсері Ақылбек Досжанов.

Продюсердің айтуынша, мұндай мекен басқа өңірлерде сирек. Болған күннің өзінде таза қазақ тілінде сөйлейтін ұлт өкілдері тым аз. Ал фильм сюжеті бойынша жергілікті халыққа әбден сіңісіп, біте қайнасқан ұлт өкілдерінің қызықты оқиғалары көрсетілмек.

Қармақшы ауданы

Халқымыз қонағын қорғаған, оның кемшілігін көрмеген. Үйіне келген адамның бұйымтайын сұрамаған. «Кімсіз, не іздеп жүрсіз?» деп сұрамаған.

Ертеде бір қылмысты адам қашып жүріп, бір алыс ауылдың шеткі үйіне түсіп, «Құдайы қонақпын» депті. Бұл үйде сол қылмыстыны іздеуге арнайы шығарылған жасақтың бір сарбазы тұрады екен. Ол қылмыскерді бірден танығанын айтыпты. Тұтылғанын осы деп қонағы қолын кісен салуға созды. «Құдайы қонағының қолын байлаған қай атаңды көріп едің?» – деп үй иесі таңертең өзге сарбаздармен бірге әдеттегідей қылмыстыны іздеуге аттанып кетіпті.

Осы оқиғаның өзі қазақтың даналығын, қайырымды, кешірімді сипаттарын танытады. Ұлы халқымыз сол сипатымен жермізге азып-тозып келген қаншама өзге ұлт адамдарына үстіндегі жауып, қолындағыны бөліп берген.

Мұның бәрі ынтымақшыл ыстық пейіл иесіне ғана тән. «Ырыс, қайда барасың, ынтымаққа барамыз» деген аталарымыз ынтымақ бірліксіз, тірліксіз бос екенін бағыдан білген. Қонақты сыйлау, оның қақысы атақты «Жеті жарғыда» да айтылған, халқымыз мұндай құндылықтарды сонау VI ғасырдағы түркілік дәуірде-ақ қалыптастырған.

Ендеше, бірлік мерекесі халқымыздың аманат дәстүрін сақтап, ұрпаққа жеткізудің бір жолы деп айта аламыз. Жыл сайын атаулы мерекеле Қазақстанда тұрып жатқан 130-дан астам ұлт пен ұлыс өкілдері киелі қара шаңырақта тату-тәтті, береке мен бірлікте, бейбітшілік пен ынтымақта өмір сүріп жатқандығын тойлайды. Еліміздегі этностарды бұрынғыдан да жақындастыру үшін бүкіл Қазақстанда жаппай патриоттық шерулер өтеді.

Бүгінде «Достық» атты бір шаңырақ астына шоғырланған әрбір ұлттық-мәдени орталықтар мерекеле ән айтып, би билеп, жалпыхалықтық мейрамда дәстүр мен салтқа толы түрлі көріністер көрсетіледі. Халықтың көңіл-күйін көтеру үшін түрлі спорттық жарыстар ұйымдастырылады.

Алғаш аяту күні осы мерекенің заңды жалғасы. Ол – ең алдымен еліміздегі тыныштық пен үндестік, өзара сенімділік пен барлық қазақстандықтарға деген құрметтің орнығуына қатысты мереке. Тағдыр тәлкегімен Қазақстан жеріне еріксіз қоныс аударылған түрлі этностың миллиондаған өкілінің құтты қонысына айналған қасиетті қазак жері мен қонақжай қазақ халқына бас иіп, тағзым етуінің бір белгісі.

Тағдыр тәлкегі демекші, қазақ елінің тарихына үніле қалсаңыз осы күнге қалай жеткенбіз деп жаның шошынады. Жұбан ақынның «Мен қазақтың – мың өліп, мың тірілген» сөзін көкірекке басып күрсінесіз.

XIX ғасырдың 60-жылдарынан бастап қазақ жеріне орыс шаруаларын қоныс аудару ісі қолға алынған. Бұл шаралар содан

Достық көрмесінің келбеті

бері жүйелі түрде жүзеге асырылып келген.

Мысалы, қазақ жерінің батысындағы Орынбор қазактары облысында, Бөкей Ордасында, Орал қазак әскерінде қазактардан басқа – орыстар, татарлар, қалмақтар, армяндар, башқұрттар, түркімендер, өзбектер, еврейлер өмір сүрді. Ал, Сібір қазактары облысында, яғни, Қазақ жерінің солтүстік, солтүстік-шығыс, орталық аумақтарында – орыстар, поляктар, татарлар, башқұрттар, өзбектер, қырғыздар және т.б. қоныстанды. Сонымен бірге, Шығыс Қазақстан аумағына орыстар арасындағы ескі әдет-ғұрыпты ұстанушылар (старообрядцы) патша үкіметі мен шіркеу тарапынан жасалған әкімшілік және діни тұрғыда жасалған қысымнан бас сауғалап, сонау XVIII ғасырдың 60-жылдарында-ақ қоныстанған.

1917 жылы Қазақстанда тұрып жатқан халықтың ішіндегі қазактардың үлес салмағы 59,8%-ті құрады. Қазақстанның алты облысындағы 1897-1917 жылдар аралығында Ресейден басқа аймақтарға қоныс аударғандардың төрттен бірі Қазақ жеріне келді. Ал, 1906-1912 жылдар жүргізілген Столыпиннің аграрлық реформасы кезінде 360,7 мың қоныс аударушылардың 80,6%-і Украинадан және 19,4%-і Ресейдің оңтүстігінен келді. Нәтижесінде 1917 жылы орыстар мен украиндар барлық халықтың 29,4%-ін, яғни, 1 млн 745 мың адамды құрады.

Қазақстан халқы құрамының көпұлтты болып қалыптасуы үдерісі кенестік дәуірде одан әрі күшейді. Оған алғышарт болған тарихи оқиғаларға мыналар жатты: индустриаландыру кезінде жаппай сипат алған миграциялық үдерістер, күштеп ұжымдастыру мен саяси қуғын-сүргін науқандары, тұтас халықтарды күштеп қоныс аудару. Ұлы Отан соғысы кезіндегі бейбіт халықты эвакуациялау, тын және тынайған жерлерді игеру және соғыстан кейін шикізаттық бағытта өндіріс орындарының дамуы.

Ал, енді сәл шегініс жасасак, аштық пен қуғын-сүргіннен бас сауғалап 1 млн





Гималайдан Көкшетауға

(Сәкен Сейфуллиннің әйгілі поэмасындағы бір сюжеттің түп-төркіні туралы)

Бақ сынасқан батырлар

Арка жеріндегі аңыздар желісіне құрылған «Көкшетау» поэмасы – қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі Сәкен Сейфуллиннің шоқтығы биік шығармасы. Көкше аймағындағы Жеке батыр, Бурабай, Оқжетпес хикаялары баяндалған дастанның ең тағылымды тұсы – Абылай жорығы кезінде қолға түскен қалмақ қызының қалың әскер алдында жұмбақ айтуы. Жаудан олжаға келген хас сұлудан батырлардың бәрі дәмеленіп, бір-біріне қимай таласқа түсуі – заңды құбылыс. Сөз өнерінің теңдессіз шебері Сәкен ақынның:

Сол қыздың он жетіге
келген жасы,
Оралған аш беліне
қолаң шашы.
Қап-қара қарлығаштың
қанатындай,
Иілген ақ маңдайда екі қасы.

Аш белі көк шыбықтай
солқылдайды.
Қолаң шаш бейне жібек
толқылдайды.
Батырлар сол сұлға
салыстырған –
Жалғыз-ақ аспандағы

Күн мен Айды, – деп суреттеуінен-ақ қазақтың жау жүрек сарбаздарының есін шығарған қалмақ қызының бойжеткен біткеннің бәдендісі екені аңғарылады. Оның үстіне ол ажарына ақылы сай саналы сұлу болып шығады. Осыны сезген Абылайхан жар таңдауды тұтқын қыздың еркіне салады. Қыз қалың қауымға үш түрлі шарт қояды. Алдымен, құзарт шыңның ұшар басына орамалын байлапты, соны атып түсірген мерген жігітке тиетінін айтады. Бірақ сарбаздардың бірде-біреуі шың басына ілінген жаулыққа жөбесін жеткізе алмайды. Поэма авторы шыңның «Оқжетпес» аталуын осылайша түсіндіреді. Қыздың екінші шарты – батырлардың төрт кісіні көтеріп жарысып, тастың үстіне алып шығуы. Сайысқа түскен жігіттердің ішінен сегіз іріктеліп, қыз тұрған тасқа қатар жетеді.

Қалмақ аруы енді үшінші шартын баяндайды. Онысы – аңызға бергісіз жұмбақ еді. Қыздың әдепкі сынағына қарағанда бұл шарт маңыздылығы жағынан да, ерекшелігі жағынан да өзгеше-тін. Бастапқы екі сынақ соңғы күрделі сынаққа жол ашатын алғышарт болатын. Хан рұқсат берген соң қалмақ қызы бір кептердің хикаясын баяндауға кіріседі. Қысқаша мазмұны мынадай: Терек басына ұялаған кептер мен оның төрт балапанына аяқастынан бір қарақұс тап береді. Оның шеңгеліне түскен төрт балапан жыртықшы құсқа: «Анамзды жегенше, оны қоя беріп, бізді талғауға ет», – деп жалаынады. Сол сәтте көктен құділап түскен лашын қарақұсты мерт қылып, бұларды құтқарып қалады. Балапандар лашынға ризалық білдіріп, «Сенің жақсылығыңды қалай ақтаймыз?», – деп аяғына бас ұрады. Сонда лашын бұларға: «Үшқан соң төртеуінің ең үлкенің, Бал уыз нақ төсіңнен тоят жегіз», – деп талап қойыпты.

Сертіне берік бала кептер өскен соң алғаш лашынды іздеп жолға шығады. Алдымен ол бір сұңқарға тап болады. Өзіне шүйілген сұңқарға лашынның алдындағы уәдесі туралы айтып, әуірімдеп азаттық алады. Одан әрі қарай жолға шыққан бала кептер тоғай ішінде үш жапалақтың қармағына ілінеді. Бас салып жұмалауға ұмтылған жапалақтарға жағдай айтып көрсетсе, олар бұның сертке беріктігіне разы болып, босатып қоя беріпті. Жай, қоя бермей, үшеуі үш жақтан қаулап, лашынның мекеніне дейін жеткізіп салыпты. Бұл кептерді баянда-ақ есінен шығарған лашын оның берген сертін әлі күнге дейін сақтап жүргеніне көңілі жібіп, басына бостандық сыйлайды. Алайда, кептердің бұл бақытты өмірі ұзаққа созылмайды. Таудан ұшқан бір бүркіт оның бас сауғалауына шамасын келтірмей ұстап алып, шенгелін салады. Соның бәрін ұзын-сонар әңгіме еткен қалмақ қызы сөзінің соңында ел-жұртқа мынадай сауал тастайды:



Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының академигі Бауыржан Жұмаханұлы Омаров асқаралы 60 жасқа толып отыр. Ол С.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітіргеннен кейін еліміздегі басшылардың, өзі түлеп ұшқан оқу орнында, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде еңбек етті. Мәдениет министрлігінің департаментін, Тіл комитетін басқарған. Қызылорда қаласы әкімінің орынбасары, Қызылорда облысы әкімі аппаратының басшысы болды. Қазақстан Республикасының Президенті Баспасөз қызметінде сектор меңгерушісі, Баспасөз хатшысының орынбасары қызметін атқарған. «Парасат» орденімен, «Ерен еңбегі үшін» медалімен, Президент Әкімшілігінің «Мінсіз қызметі үшін» төсбелгісімен марапатталған. Б.Омаровтың «Гималайдан Көкшетауға дейін» тақырыбындағы еңбегін оқырман назарына ұсынып отырмыз.

– Бұл сөзді төрелікке
жыр ғып тартып,
Сын тілеп, бәріңізге
тұрмын артып.
Тау бүркіт, сұңқар, лашын,
үш жапалақ,
Айтыңыз, қайсысының
ерлігі артық?

Бұл әрине, адамдар тағдырын арқау еткен, аса шеберлікпен өрілген аллегориялық толғау екені белгілі. Тек қана ізгі қасиеттерді дәріптейтін осынау аңыздың дәріптеуші тұлғалары жеткілікті. Тегінде, осы жұмбақтың көркем баяндалуының өзі тұтқын қыздың жазасын едәуір жеңілдетері анық еді. Ал оның нақты шешімі санасы сергек сұлға азаттық алып берді. Кескілескен шайқасқа толы жаугершілік заманның фондында гуманистік идеялардың үстем болуы ештеңе шарттылықтың белгісін байқатқанымен, шығарма желісінде жорық жолдары екінші кезекке ығыстырылып, адами қасиеттер алға тартылады.

Бастапқы дода кезінде төбе көрсетпегенімен, шаршы топтан суырылып шығып, ең алдымен оқ жетпес шыңның басындағы орамалды атып тұлсізден қарақұсқа аяқ алақ қалмақ қызының қатпары қалың жұмбағын былай шешеді:

– Тұтқын қыз өз басының
жырын айтты,
Жүректен жарып шыққан
шынын айтты.
Кептерді мысал қылып
өз басына,
Не көрген бала күннен
сырын айтты.

Адақтың аңғаруы бойынша, кептер – қыздың өзі, қарақұс – шапқыншы, лашын – одан құтқарғаны үшін қыздың уәдесін алған ер жігіт, сұңқар – қызға көңілі құлаған күйеу жігіт, үш жапалақ – лашынға берген уәдесін орындаймын деп іздеп жүргенде ұшырасқан үш ұры, бәрінен құтылып бостандық алған кезде шенгелін салған бүркіт – елді шапқан Абылайдың әскері... Осыны бәрін тиянақтап түсіндірген қазақ батыры сертіне адал болғаны үшін барлық пәледен құтылған қалмақ қызына бостандық беруді сұрайды.

Тереңнен тартқан тамырлар

Жалпы, «Көкшетау» поэмасында ізгіліктің мысалдары жетіп артылады. Абылай шапқан қалмақ жұртының бейнәу бейнеде («Тыныш жатқан қалмақ елі қас қаққанша, У-шу боп шаң астында қалды ойбайлап»), керісінше қазақ сарбаздарының қатыгез кейіпте («Олжалап қыз-қатының атқа өңгеріп, Бауыздап алдарында еректерін») көрсетілуі – осының айғағы. Сондай-ақ, бұл шығармада жаугершілік жорықтың сипатын гөрі, адами қарым-қатынасты көбірек дәріптеу сарыны айқын аңғарылады.

Академик С.Қасқабасов осы поэмалдағы қыз жұмбағының сюжеттік құрылымына назар аударып, оның төркінін көне жәдігерліктерден іздейді. «Бұл өзі – жеке сюжет және өте ескі сюжет. Ол ежелгі Үндістанның «Веталаның жиырма бес әңгімесі» (бізде «Қалила мен Димна») атты көне кітаптарында әңгімеленеді. Мұнда төрт күннен кейін тойы болайын деп тұрған қызды бір жігіт тоғайда ұстап алады да зорламақ болады. Қыз жалынып, «Тойдан кейінгі күні өзім келейін, сен менің обалыма қалма, жібер» – дейді. Жігіт жібереді. Той өтеді, түнде күйеуі құшақтайын десе, қыз болған жағдайды айтады. Күйеуі: «Рас болса, жарайды, бар» – дейді. Қыз уәдесін орындау үшін жолға шығады. Оны бір қарақұс ұстап алады да, әшекейін тартып алып, өзін қорлайын деп ойлайды. Қыз оған басынан кешкендерін түгел баян етеді. Қарақұс «бұл қыздың махаббат қуанышын қалайша бұзам», – деп ойлап, қызды жөніне жібереді. Қыз уәдесі бойынша өзін тоғайда ұстап алған жігітке қайтып келеді. Ол риза болып, қызға тиіспей, үйіне қайтарады», – дейді фольклортанушы ғалым.

Біздің дәуіріміздің алғашқы ғасырларында өмірге келген, үндінің санскрит тілінде жазылған әйгілі «Веталапан-

чавимшати» («Веталаның жиырма бес әңгімесі») – дүние жүзінің әдебиетіне әртүрлі ыңғайда ықпал еткен рухани жәдігерліктің бірі. Бұл шығарманың «Панчатантрадағыдай» қара сөзбен және өлеңмен баяндалған Шивадаса нұсқасын Р.Шор, ал 1873 жылы бенгал ғалымы Дживананда Видьясагара бастырған Джамбхаладатта нұсқасын И.Серебряков санскрит тілінен аударған. Соңғы нұсқаға алғы сөз бен түсініктеме жазған И.Серебряков «Веталаның жиырма бес әңгімесінің» Оңтүстік Азия елдеріне, Монғолия мен Тибетке кеңінен тарағанын, тіпті парсы нұсқасы бар екенін айтады. Моңғолдар бұл шығарманы өз табиғатына бейімдеп, соған ұқсас жаңа дүние туындатқан.

С.Қасқабасовтың дерегін нақтылай түссек, «Веталаның жиырма бес әңгімесінің» (Р.О.Шор аударған нұсқасы) «Қайырымды қарақұс» деген тоғызыншы хикаясының ұзындығы былайша баяндалады. Маданавира патшаның билігіндегі Маданapura қаласын мекен еткен Хираньядатта көпестің қызы Маданасена тоғайда серуендеп жүргенде оны Сомадаттаның ұлы Дхармадатта көпес ұстап алады. Маданасена оған «Төрт күннен кейін Амадаттаның көпес баласына тұрмысқа шыққалы жатыр ем, той өткен соң келіп алғашқы түнімді сенімен өткізем», – деп уәде береді. Көпес күйеуі түн ішінде қалыңдығын бауырға тартса, ол тартынатын көрнеді. Себебін сұраса, болған жайды баяндап береді. Жүрегі ізгі күйеуі жігіт: «Мұның әділетті шешімі екен, барсаң барып келе ғой», – депті. Қыз байғұс алып-ұшып келе жатса, алдынан жол торыған қарақұс жолығыпты. Маданасена шынын айтып, оның да жанына жылылық ұялатып, босанып шығады. Ең ақырында Дхармадаттаға жетіп, сергімді орындауға келдім десе, ол да жүрегі жібіп, қызды еркіне қоя беріпті. Сөйтіп, өз күйеуіне қосылады.

Ал «Веталаның жиырма бес әңгімесінің» И.Серебряков аударған нұсқасында бұл сюжет былайша өріледі. Выракешари патшаның Архадатта деген вайшыясы (көпес) болыпты. Оның Дханадатта деген ұлы, Лаваньявати деген қызы бар екен. Әкесі қызды күйеуі іздеуді ұлына тапсырады. Ол бір көпестің қайырымды әрі ауқатты ұлы Кандарпаны лайық деп деп табады. Осы кезде тағы бір көпестің ұлы Дхармадатта Лаваньяватиді көріп, ғашық болып қалып, көңілін білдіреді. Қыз оған күйеуге шығайын деп жатқанын айтса, «Той өткен соң күйеуіңнен сұранып, алдымен маған келіп кет», – деп қойылады. Қыз уәде береді. Тойдан кейін Кандарпа келінін бауырына тартса, ол Дхармадаттаға уәдесі кеткенін айтады. Сол сәтте күйеуі оны жібере қойыпты. Қыз жігітке кетіп бара жатқанда жолда бір ұры кездеседі. Қыз: «Мен уәдемді орындап келіп, әшекейімнің бәрін саған берем», – дейді. Ұры да оны босата салады. Әрі қарай ағаш арасында бұғын отырған рақшас (жын-пері) шығады. Лаваньявати шынын айтып, оның да жанын жібітеді. Дхармадатта қыздың алдығына тәтті болып, оны еркіне қоя береді. Қыз қайтар жолда әлгінде жолыққандарға тағы да барады. Жын да, ұры да бойжеткеннің ниеті таза екенін көріп, оған тиіспейді. Тек мұндағы айырмашылық, күйеуі жігіт Кандарпадатта «Сен маған лайық емессің», – деп, басына бостандық сыйлайды.

Бұл сюжет кейінірек дүние жүзіне кең тараған әйгілі «Тотынама» әдеби ескерткішінің он бірінші түніндегі оқиғаға негіз болған. Бір шаһарды мекендейтін үй сыпырушы топырақ арасынан жарқыраған меруерт тауып алады. Ол біреулердің кеңесі бойынша меруертті беріп көп алтын алу үшін Бхаджа-раджаға аттанады. Жолда кездескен төрт жолаушы оның меруертін ұрлап алады. Үй сыпырушы сөздік тудырмау үшін оларға ештеңе демей, патшаның өзіне келіп жүгінеді. Патшаның бір ақылды қызы бар екен, бұл істің мән-жайын анықтау соған тапсырылыпты. Сол қыз оларға бір хикаяны баяндайды. «Көкшетау» поэмасындағы сюжеттің түп-төркіні дәл осы тұста да көрініс байқайды. Бұл жерде Мазендер шаһарында тұратын саудагердің қызы

бау-бақшаны аралап жүріп жолаушы бағбанға «Алғашқы түнімді саған арнаймын», – деп уәде береді. Уәде берген себебі, қыз бағбаннан «Мына әдемі гүлді жұлып бер», – деп өтінесе, ол: «Бұл гүлдің бағасы бар, соны өтесен аласың», – депті. Қыз: «Ол неғылған баға?» – деп сұраса, әлгіндей талап қойыпты. Содан қыз некесі қиылған соң күйеуі жігіттен бағбанға барып келетін деп рұқсат алады. Жолда қасқырға жолығады. Оған бүкіл жағдайын айтып, әзер құтылған кезде қанжар ұстаған қарақұсқа тап болады. Қыз оған да жалынады. Ақыры бағбанға келсе, ол қыздың алдығына разы болып, нәпсісін тиганын айтып, еліне қайтарады.

Антына адал арулар

Барлық халықтың әдебиетіне сіңген бұл сюжетте әлемнің бар жұртына ортақ «Уәде – құдай аты» деген халық даналығы айрықша дәріптеледі. Сертке беріктіктің күдіреті зұлымдықты тоқтатады. Теріс пиғылмен келген ұры-қарақұс мен жын-жыпырдың өзі адал ниеттің алдында бас иеді. Мәселен, үнді әдебиетінде кездесетін рақшас жақсылыққа жетелейтін жағымды кейіпкер ретінде суреттеле бермейді. Басты рухани құндылықтың бірі – сертке берік болуды идеалдандыру үшін ежелгі ескерткіштердің авторлары осындай тәсіл қолданған. Адамзат баласы сан ғасырдан бері армандағанымен, қиындықпен қол жеткізіп келе жатқан ізгі қасиет жамандықпен шарпысып, жеңіп шығады.

Мақаланың басында Сәкен Сейфуллиннің «Көкшетау» поэмасында тұтқынға түскен қалмақ қызы өз әңгімесінің соңында қалың елге «Кептермен кездескен тау бүркіт, сұңқар, лашын, үш жапалақтың қайсысының ерлігі артық?», – деп сауал тастағанына тоқталдық. Шығармада мұндай сұрақтың қойылуы тегін емес. Өйткені сол сюжетке негіз болған ежелгі үнді әдеби ескерткіштерінің түрлі нұсқаларының бәрі де осылайша түйінделеді. Яғни, сауалға нақты жауап беріледі. Осы жауаптың өзі сюжеттің даму барысына қарай әртүрлі нұсқада көрініс тапқан. Мәселен, «Веталаның жиырма бес әңгімесінің» Р.Шор аударған Шивадаса нұсқасында хикаяны баяндаушы Веталаның: «Айтыңызшы, осы үшеуінің қайсысы қайырымды?», – деген сұрағына Викрамасена патша: «Күйеуі жігіт қызды досына барып келем деген соң жіберді. Ал екінші жігіт патшаның жазасынан қорыққаннан қоя берді. Бұл жерде еш себепсіз жақсылық жасаған қарақұстың әрекеті бағалауға лайық», – деп жауап қайтарады. Ал сол «Веталаның жиырма бес әңгімесінің» И.Серебряков аударған Джамбхаладатта нұсқасында хикаяны айтушының: «Кандарпа, ұры, Брахмаракшас, Дхармадатта төртеуінің ішіндегі ең қайырымдысы қайсысы?», – деген сауалына орай оны арқалап келе жатқан раджа: «Бұлардың арасындағы ең қайырымдысы – Кандарпа. Себебі, ол қыздың уәдесіне беріктігін сыйлап, әрі қусаға батқан Дхармадаттаның өмірін сақтап қалу үшін қалыңдығын оған жіберді. Өзі сонша жақсы көретін бойжеткен Дхармадаттаға барып келген соң, «енді соған көңілі кетіп қалды, бағы ашылсын» деп басына бостандық сыйлады. Оны қасынан қуып шыққан себебі де сол», – деп өз пікірін айтады.

Өлемге әйгілі шығарманың бір-бірінен соншалықты айырмашылығы жоқ екі нұсқадағы сюжеттің шешімі әртүрлі. Алғашқысында тек жамандықпен көзін ашқан қандықол қарақұстың қайырымдылығы үлгі етілсе, соңғысында некесі қиылып қойған Кандарпаның (Кандарпадатта) мырзалығы дәріптелген. Бірақ күйеуі жігіттің бұл әрекеті қыздың алдығынан айнымай келгеніне қарамастан, оны өзгеше бұйырды деп күдіктенуінен туындап отырғаны да ескерген жөн.

Ал «Тотынаманың» өз бірінші әңгімесінде біраз өзгеріске түскен бұл сюжеттің соңында қыз меруертті ұрлады деген күдікке ілінген төрт жолаушыға мынадай сауал қояды: «Сіздер бұған не дейсіздер? Қалыңдықтың ері,

қасқыр, қарақұс, бағбан төртеуінің істерін қалай бағалар едіңіздер? Кімдікі дұрыс, кімдікі бұрыс?». Бұл сюжеттегі сауал «Веталаның жиырма бес әңгімесіндегідей» патшаға неме раджаға арналмаған. Патша қызының сұрағына үй сыпырушының қазынасын жымқырды деген төрт жолаушы төрт түрлі жауабын айтады. Бірінші жолаушы қалыңдықтың күйеуін намыссыз деп сөгеді. Екіншісі тісі мен тырнағын көрсете алмаған қасқырдың жұмсақтығына қайран қалады. Үшіншісі алақанына түскен олжадан айырылған ұрыны ақымақ деп кінәлайды. Төртіншісі қолында тұрған қызды қоя берген бағбанды «ер емес, ез» деп қара жерге тығады.

Қыз төртеуінің әңгімесін тыңдаған соң патшаға барып, «Үй сыпырушының меруертін ұрлаған адам – қарақұстың ақымақ деп сөккен жолаушы. Әйтпесе ол ұры қызды тонап, кімдері мен әшекейлерін алуы керек демес еді. Ел аузында «Шыныға құйған нәрсе оның сыртынан көрініп тұрады» деген нақыл бар» дейді. Патша қарақұстың меруертті өндіріп алып, қалған жолаушыларға берген жауаптарына қарай тиісті сый-сыбаға үлестіреді.

«Тотынама» сюжетінің алдындағы сюжеттерден ерекшелігі – жұмбақтың шешімі ретіндегі «Кімдікі дұрыс, кімдікі бұрыс?» деген сауалдың ұрыны анықтау үшін қолданылуы. Үндінің ежелгі әдеби ескерткіштерінде «Кім қайырымды, кім жомарт, кім кеңпейіл?», – деген сауал тұрғысынан адами құндылықтарға баға беріледі. «Тотынамада» сертке адалдық туралы сюжетке тағы бір қосалқы сюжет жамалады. Бұл жерде алдыңғы хикая негізгі оқиғаның шешімін табудың тәсіліне айналады. Мұнда адам психологиясына терең бойлау арқылы тұжырым жасайтын логикалық қисын алға тартылады. Ал сюжет әрі қарай дамып, аясын кеңейтіп, көркемделе түседі.

Антқа адалдықты әспеттеумен басталып, ұрыны табумен аяқталатын тағы бір сюжет нұсқасын өткен ғасырдың басындағы қазақ поэзиясының үлгілерінен кездестіреміз. Сәкен Сейфуллиннің «Көкшетау» поэмасына талдау жасаған академик Серік Қирабаев «XX ғасырдың басында әдебиетке араласып, жазушылық пен ағартушылық қызметті қабат жүргізген, орыс әдебиетінен біртұтас құнды аудармалар жасаған Бекет Өтетілеуовтің «Данышпан қазы» атты шығармасында осы тәртізес жұмбақ айтылатын еді», – деген дерек келтіреді. Ал, Бекет ақынның бұл туындысы 1914 жылы Орынборда шыққан «Жиған-терген» деген жинағында жарық көрген. Яғни, Сәкеннің «Көкшетау» поэмасынан он бес жыл бұрын жарияланған. Автор шығармасының басында «шығыс халықтарының ертегілерінен» деп нақты атап көрсеткен. Сюжеттің қысқаша мазмұны былайша өріледі. Бір патша өмірден өткені жағып, үш ұлын қасына шақырады. «Пәлен жерге көмген алтынның бар, соны таласпай бөлісіп алып, тіршілік етіндер», – дейді. Үш жігіт уәделі жерге келгенімен, ештеңе таппайды. Содан соң бір-біріне сенімсіздік танытып, қызға барып жүгінеді. Қазы оларға бір хикаяны баян етеді. Бір байдың жалғыз қызы болыпты. Оның атастырып қойған адамы да, оған қоса сүйген жігіті де бар екен. Қыз күйеуге шығар алдында жігітіне «Алдымен саған жолығып кетем», – деп уәде береді. Сондықтан қыз күйеуі жігіт келгенде жағдайын айтып, рұқсат сұрайды. Күйеуі: «Қанша жылдан бері ғашық болып жүрген жігітін болса, оның үстіне өзін серт берсең, орындауың керек», – деп жібере қояды. Әшекейге малынған қызға жолшыбай бір үй кездеседі. Қыз бар әңгімесін айтып, әлгіндей жігіт те мырзалық танытыпты. Осы сәтті Бекет ақын былайша бейнелейді: «Бұл сөзбен екі ғашық топтап қалды, Мақұлдық бір-біріннен сұрап алды. Ап-аман өгіз өлмей, арба сынбай, Қасына күйеуінің қайтып барды».

Одан әрі Бекет Өтетілеуовтің кейіпкері – данышпан қазы ағайыны үш жігітке «Бірі ұры,

дейін

бірі күйеу, бірі жігіт – үшеуінің қайсысы жомарт?», – деп сауал тастады. Үлкені: «Әрине, күйеу жомарт, ол қыздың байсыбайлы несі бола тұра өзгеге қиды», – дейді. Органшысы: «Өзі іздеп келген қызды жібере салған жігіт жомарт», – деп жауап қайтарады. Ал кішісі болса, «Жаксылап тонаудың реті келіп тұрғанда олжасын босатып қоя берген ұры жомарт емес пе?!», – деп тұжырымдайды. Сол кезде данышпан қазы кіші ұлды мензеп, алтынды ұрлаған сол екенін айтады. Қазының шешімі шығармада былайша өрнектелген: «Ұрыға, – деді қазы, – ұры серік. Тығылған алтын сенде болса керек». Кіші үл өз ісін мойындап, жасырған алтынның тауып беріп, оны ағайынды үшеуі әділ бөліп алады.

Бұл хикаяның «Тотынамадан» тікелей алынғаны дау тудырмайды. Тек оқиғаның өні біраз өзгерген. Алғашқысында қазына жоғалтушы қарапайым ғана үй сыпырушы болса, кейінгісінде патшаның елге белгілі үш ұлы ұрланған алтынды іздейді. Сондықтан бұл шығармада «Тотынамадағы» төрт жолдаушыны әлгімеге тартып, шешімін айтатын қыздың орнына данышпан қазының бейнесі көрініс тапқан. «Тотынамада» ұрланған алтынды өндіріп беру арқылы әділдік салтанат құрса, «Данышпан қазыда» оған қоса әулеттің әдебі, дәстүр жалғастығы, өсиеттің орындалуы, ағайынның татулығы сияқты мәселелер тұспалмен аңғарылған.

Кең пейілді кейіпкерлер

Сәкен Сейфуллиннің «Көкшетауында» әйгілі үнді сюжетінің алғашқы бөлігі ғана қолданылған. Яғни, поэмалда ескі сюжеттің ұрлыққа қатысты бөлігінің ізі де жоқ. Шынында да, ізгілікті мұрат еткен Сәкен шығармасына сюжеттің бастапқы жағы ғана әр бере алатыны анық еді.

Бір қызғы, тұтқиын түскен қалмақ қызының аузынан «Осылардың қайсысының ерлігі артық?», – деген сөз айтылғанымен, «Көкшетау» поэмасында ежелгі ескерткіштерден тамыр тартатын бұл сауалға тікелей жауап берілмейді. Сондықтан, тау бүркіт, сұңқар, лашын, үш жапалақтың қайсысының ісі артық екенінің басы ашылмай қалады. Қыздың тағдырына жаны ашылған елдің оны бағалауға да мұршасы болмайды. Олай болса, «Сәкен ақын бұл сауалды кейіпкерінің ойына неге салды?», – деген тағы бір сұрақ туындайтыны сөзсіз. Шынында, бұл мәселенің шешімі мынау еді. Дәл осы тұста қыздың аллегориялық әңгімесінің жұмбағын шешіп, оның бүкіл өмірін жылған жұртқа баяндап беріп, босатуды өтініп, ханнан сауға сұраған Адақ батырдың ерлігі ілгері-кейінгі аңыз кейіпкерлерінің түрлі әрекеттерінің бәрін арттық екені белгілі.

Академик С.Қасқабасов «Жанр жағынан бұл – ежелгі Үндістанның тәмсілі (притча). Ал осы сюжетті С.Сейфуллин қайдан алды, ол жеке мәселе. Біздің мақсат – басқа аталмыш сюжетті ақын қалай пайдаланған? Ол өзінің идеялық-шығармашылық мақсатына қарай ескі фольклорлық сюжетке үлкен әлеуметтік жүк артқан, өмірдегі моральдық-этикалық қайшылықтарды ашу үшін қызды жаугершіліктің қызығына түсіп, қарапайым жұртқа зорлық-зомбылық жасағандарға қарсы қойған, ол үшін ақын фольклорлық шығармадағы кейіпкерлерді өзгертіп, оларға символдық мағына берген, сол себепті қалмақ қызы өзінің өмірін, ойын жұмбақтап айтады», – деп тұжырымдап, бұл сюжеттің қазақ әдебиетін ілгерілетуге қаншалықты үлес қосқанын зерделеуге ден қояды.

Енді ежелгі сюжеттің уақыт бедерінде қалай дамығанына тоқталайық.

«Веталаның жиырма бес әңгімесінің» Шивадаса нұсқасындағы «Қайырымды қарақшыда» кейіпкер төртеу-ақ. Оның біреуі – көпестің қызы, қыздың жүрегін жаулаған жігіттердің екеуі де – ауқатты адамның перзенттері. Төртінші кейіпкер – қарақшы. Оның өзі бойжеткенмен жолыққан соң ниетін өзгертіп, бірден жағымды кейіпкердің кейіні енеді. Тақырыбы «Қайырымды

қарақшы» делінгеніне қарамастан, қызға жақсылық жасаған үшеудің қайсысының әрекеті айрықша бағалауға лайық деген сауал қойылады. Қызды өбектеп жүрген екі жігіттің қасында оған алғаш рет жолығып, еркіне қоя берген ұрының қайырымдылығы ерекше екені қисындылық жағынан дау тудырмайды.

Ал сол әдеби ескерткіштің Джамбхаладатта нұсқасында сюжет сәл-пәл өзгеріске ұшырайды. Бұл жерде екі көпестің ұлдарының арасында доғаға түскен көпестің қызына ұрдадан бөлек зұлымдықтың бейнесі – рақшас жолығады. Оны казак ертегілеріндегі жын-пері немесе жезтырнақпен салыстыруға болар. Сюжеттегі бұрыннан белгілі төртеудің қатарына аңыз-ертегілердің жағымсыз кейіпкері қосылады. Өмірі жемтік іздеп жүретін рақшастың өзі бұл жолы ізгіліктің алдында бас иіп, қызды босатып жібереді. Солай бола тұра, жақсылық жасағандардың ең тәуірі ретінде оның емес, күйеу жігіт Кандарпаның аты аталады. Сондай-ақ күйеудің «мырзалығына» қызғаншақтығы себеп болғаны да тұспалданады.

Екі түрлі нұсқада баяндалған бұл сюжетте қыздың сертке берік болу қасиетін қадірлей білгендердің іс-әрекетіне баға берілсе, «Тотынама» мен «Данышпан қазыда» үлдегер беріктік тұрасында тұжырым жасалады әрі сол тәмсіл ұрлықтың сырын ашуға қолданылады.

«Тотынамада» тәмсілдің кейіпкері төртеу – қыздың өзі, бағбан, қарақшы және қасқыр. Әйгілі әдеби ескерткіштің өзге әңгімелері секілді бұл хикаяда да адам мен жануар белгілі бір оқиғаның кейіпкеріне айналады. Адамзат баласы түгелі аң-құстар әлемі де адалдықтың алдында бас ұрады. Бекет Өтетілеуовтің «Данышпан қазысында» қыздың күйеуі мен жігітінің және ұрының жасаған жақсылығы бағаланады. Сюжеттің барлық нұсқасында да екі жігіт пен ұры-қарақшының бейнесі өзгермейді. Кей нұсқада рақшас пен қасқырдың қосылуы хикаяға аң-құстарды және тылсым дүние күштерін қатыстыру арқылы оқиғаның бояуын қалыптастырып, ренкін арттыру мақсатынан туса керек.

Ал Сәкен Сейфуллин «Көкшетау» поэмасында қолданған тәмсілдің кейіпкерлері өзге нұсқаларға қарағанда көбірек. Қыздың өзі айтқандай, тау бүркіт, сұңқар, лашын, үш жапалақтың қайсысының ерлігі артық екені сыңа түседі. Ежелгі сюжеттегі қарақшының ролінде бір емес, үш жапалақ бейнеленеді. Бұл жапалақтар тек қыздың өмірін сақтап қалған қайырымды қанаттылар ғана емес, оны жетелеп ертіп алып, барар жерін тауып берген қайратты қамқоршылар ретінде де көрініс тапқан. Тәмсілдің соңындағы сауалға орай осылардың іс-әрекеті ерекше бағаланатын шығар деп шамалайсың. Бірақ жоғарыда атап көрсеткеніміздей, шығарманың авторы жұмбақтың шешімін өзгеше жеткізеді. Сәкеннің сюжетінде тәмсілдің жеке кейіпкерінің іс-қимылы дараланып көрсетілмейді. Оның есесіне аңызда тау бүркіт деп тұлғаланған Абылайханның қалың әскерінің бір сарбазы, яғни, бүтіннің бөлшегі әрі тәмсіл сыртындағы кейіпкер – Адақ батырдың ерлігі мен ақыл-парасаты дәріптеледі. Шығарманың сюжеті сонысымен де ерекше.

Тәмсіл бөлек тәмсілдер

Ежелгі сюжетті асқан шеберлікпен өңдеу арқылы өрілген «Көкшетау» поэмасы Сәкен Сейфуллиннің шығыс әдебиетінің үлгілерін жетік білгенін айқын аңғартады. Ол бұл хикаяның түпнұсқалық мысалдарына да жете қанық болған тәрізді. Мысалы, «Веталаның жиырма бес әңгімесінен» басталып, кейінгі көптеген әдеби ескерткіштерге ұласқан әйгілі аңыздың кейіпкерлері адамдар болса, Сәкен ақын бұл сюжетке аллегориялық сипат беріп, оның құстардың іс-әрекеті арқылы ой айтады. Мұның өзі адамзат баласының күнделікті тіршілігін, оның ішінде билік иелерінің пенделік болмысын жан-жануарлардың аузына сөз салу тұрғысынан кейіптейтін үндінің арғы тарихындағы галамат шығарманың бірі

– «Панчтантраны» еске түсіреді. Демек, Сәкен Сейфуллин аталған рухани құндылықтардың бәрімен жақсы таныс болған. Яғни, ол адамдардың өмір сүретін ортасы бейнеленген көне сюжетті өңдеп, осы тақылеттес хикаялардың бастапқы нұсқасына көшіріп, құстар патшалығының мысалына орайластырды. Адам жайын адамға айтқызғанның гөрі, ежелгі шығыс дәстүрімен аң-құстың тілімен жеткізгенді жөн көрді. Сюжет пен суреттің үйлесімділігін танытқан «Көкшетау» поэмасы – бұл тәсілдің өзін-өзі ақтағанының дәлелі.

Сәкен Сейфуллин ежелгі үнді сюжетін әрлеп-әспеттеп, өзгертіп-өңдегенімен оның өзгіндегі ізгілік идеясын қанысыз жеткізген. Қан майданнан олжалы оралған әскер бір сәт әдеттегі шайқас психологиясынан арылып, сілтідей тынып, тәмсіл тыйдайды. Құралайды көзге атқан мінсіз мерген, байрақты батыр Адақ көз алдымызда сайыпқыран сарбаздан болмысы бөлек биге, сөзі саликалы шешенге айналады. Ханмен тең дәрежеде сөйлесіп, сын-сынақтың арқасында өзінің иелігіне көшкен қалмақ қызына бостандық береді. Яғни, автор тәмсіл ішіндегі жұмбақтың шешімін оның сыртындағы кейіпкердің іс-әрекеті арқылы жеткізеді. Аңыздың басты сауалының жауабын әдепкі нұсқалардағы секілді шығарманың кейіпкерлеріне айтқызыбайды, оны қалың оқырманның еншісіне қалдырады.

Санасы сергек, сезімі бөлек Сәкен ақын сан ғасырдан бері талай дүниеге арқау болып келе жатқан соғыс пен бейбітшілік идеясын осынау шағын шығармасының өзгеше сыйғызған. Өз поэмасы арқылы қатігездік пен жауыздықтың фондында адалдық пен әділдіктің саулетті сарайын тұрғызған. Ақынның жаугершілік заманның жан-түршігерлік кейіпін гөрі адам қарым-қатынасты тым айтықтап көрсетіп, декоративті сипат бергеніне қарап, бұл сюжет біздің болмысымызға жақын «Тотынамадан» ғана емес, арғы дәуірдегі үнді ескерткіштерінің өзінен де тікелей алынған болар деп топшылаймыз. Себебі, поэмалардан аллегориялық үрдіске көбірек ден қоятын ежелгі үнді жәдігерліктерінегі оқиғалардың кейіпкерлеріне тән іс-әрекеттерді анық аңғарамыз. Абылайханның мұздай қаруланған жасағының алдында жасқанбай тұрып, аңыз айтып, өз өмірін құтқарып қалған тұтқын қыздың арғымақ мінпі еліне аттануы – Сәкеннің «Тотынамада» және оның түп-төркіні болып саналатын ежелгі ескерткіштерде, сондай-ақ кейінгі нұсқаларда түрліше баяндалған белгілі сюжетті өңдеп, өзгеше көркемдік шешім тапқанының көрінісі.

Ақын берген сертке берік болу барша адамзатқа ортақ қасиет екенін, бұл құндылықты барлық жұрт қадірлеу керек екенін әркімнің санасына сіңіреді. Ол күнделікті өмірде көп кездесе бермейтін таным-түсінікті бұзып, жаңа ғана жорықтан оралған жауынгерлердің миында ұялаған майдан ахуалын екінші кезекке ығыстырып, бейбіт тіршіліктің жырын жырлайды. Еркіндік алған қалмақ қызын қан-жоса болып жатқан ел-жұртынан қауыштырады. Сойтіп, ол көне дәуірден біздің заманымызға сан ғасырды аралап жеткен, Гималайдан Көкшетауға дейін жүк тартқан сырлы сюжеттің бүкіл функциясын өзгертеді. Оның адалдықты ту етіп көтеретін байырғы идеясына қоса, адамды ұлықтау, жауыздықты жою, еркіндікті бағалау, тыныштықты қадірлеу сынды жаңа міндеттер жүктейді. Бекет Өтетілеуовтің «Данышпан қазысында» аса көп өзгеріске түспеген сюжет Сәкен Сейфуллин поэмасында мазмұны жағынан да, идеялық мұраты жағынан да өзгеше түрге енеді.

Қорыта айтқанда, «Көкшетау» поэмасы – көне құндылықтарда бірде аңыз, бірде тәмсіл, бірде шағын хикая түрінде баяндалатын сюжетті классикалық көркем әдебиеттің үлгісіне айналдырған шынайы шығарма.

Бауыржан ОМАРҰЛЫ,
ҚР ҰҒА академигі,
филология
ғылымдарының
докторы, профессор

Қазақстан халқының бірлігі мерекесі қарсаңында облыстық дін істері басқармасының ұйымдастыруымен «Жаңа Қазақстанның этно-конфессияаралық келісім моделі» тақырыбында конференция өтті. Жиында Тәуелсіз еліміздің бірлігі мен берекесіне арқау болатын ұлттаралық және дінаралық келісім төңірегінде сөз қозғалды.

Сб **Газиза ӘБІЛДА,**
«Сыр бойы»

Татулықтың тамыры тереңде

Конференцияны облыстық дін істері басқармасының басшысы Қуаныш Жаңұзақов ашып, дүниежүзіндегі түрлі оқиғалардың елдің тыныштығы мен қоғамның тұрақтылығына өзіндік әсерін тигізетінін атап өтті.

– Тәуелсіз, құқықтық заңды мемлекет – Қазақстанда жүздеген ұлт өкілінің өзара татулық пен ынтымақтастық аясында өмір сүріп жатқаны қазақ халқының кең пейіл, кемел ұстанымының көрінісі, – деді ол.

Конференцияның модераторы, дін істері басқармасы Дін мәселелерін зерттеу орталығының басшысы Бақытжан Камалов жиынның күн тәртібін және өзге өңірлерден арнайы келген қонақтарды таныстырды. Алғашқы баяндамашы елордадағы Н.Назарбаев орталығының қызметкері, философия ғылымдарының кандидаты, доцент Зәуре Мағзарова «Зайырлық – қоғамдық келісім мен тұрақтылықтың негізі» тақырыбын тарқатып, бұл бағытта атқарылып жатқан жұмыстардан хабарлар етті.

– Еліміздің Конституциясында айтылғандай, Қазақстан – құқықтық, зайырлы, демократиялық, әлеуметтік мемлекет. Сондықтан елімізде ұлттаралық зайырлы ұстанымға негіз болатын мемлекеттік конфессияаралық саясаттың басты қағидалары қалыптасқан. Бұл – кешелі-бүгін орнаған келісім емес, қазақ елінің түп тарихынан келе жатқан татулық пен ынтымақтың үлгісі. Айталық, кешегі кеңестік кезеңде еріксіз қудалауға ұшыраған қаншама ұлттар мен ұлыстар қазақ жерінен жайлы қоныс тауып, күні бүгінге дейін өсіп-өніп отыр. Сондықтан біздің еліміз үшін ұлттаралық және дінаралық келісімнің маңызы ерекше, – деді ол.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы ХХТУ теология факультетінің PhD докторы Б.Ботақарев «Этно-конфессияаралық келісім мен тұрақтылық қоғам дамуының негізі» тақырыбында баяндама жасады.

– Қазақстанда қазіргі уақытта қырыққа жуық дінді сенім өкілдері тұрады, сондықтан этносаралық және конфессияаралық келісімді қолдау – мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі.

дөп басқандай. Баяндамада айтылған деректерге назар аударсақ:

«Ұлы Отан соғысы қарсаңында Қазақстанның этно-демографиялық жағдайы үлкен өзгерістерге ұшырады. Қазіргі таңда Қазақстанда басқа елдермен салыстырғанда халқы аз болғанымен 140 этнос өкілі тұрады. Мұның шырқау шегі ХХ ғасырдың 1920-1940 жылдары қалыптасты. Тарихымыздан белгілі, 1930-жылдардың басындағы аштық қырғыны Қазақстан халқын біраз күйзеліске ұшыратып, санын азайтып тастаса, соғыс алдындағы репрессия ұлттық интеллигенцияны біржола жоқ қылды деуге болады. Ал басқа халықтардың қушпен Қазақстанға көшіріле бастауы осыз да қиын жағдайда өмір сүріп жатқан халықты одан сайын күйзеліске түсірді.

Кеңес үкіметі басшыларының КСРО-ның шекара аймақтарын негізгі отаны КСРО-дан тыс жерлерде орналасқан халықтардан «тазарту жұмыстары» нәтижесінде Қазақстанға Карелиядан 8423 фин, Қырғыз Шығыстан 98454 корей, КСРО-ның батыс шекараларынан 28580 неміс, 35739 поляк көшірілді. Бұларға қоса Кавказдың шекаралас аймақтарынан 1121 армян және курд, 2010 ирандық отбасы көшірілді. Бір отбасында 5 адам деп есептесек, Кавказдан орта есеппен 15655 адам көшірілген екен. 1939 жылы Польша Германиямен КСРО бөлінісіне салынғанын тағы 60667 поляк Қазақстанға көшірілді» деген нақты мәліметтер айтылған.

Осы кезеңде Қазақстан жеріне 68969 отбасы көшіріліп, 60 мыңнан астамы колхоз жұмысына араласты. Оның ішінде Қызылорда облысы бойынша ауылдық елді мекендерге орналастырылған 2857 отбасы колхоздарға еңбек етті.

– Міне, осындай алмағайып кезеңде қазақ жеріне тағдыр айдап келген ұлт өкілдері халқымыздың мейібандығы мен қамқорлығының арқасында еш алаңсыз өмір кешті. Бүгінгі күні олардың ұлттық құндылығы мен дәстүр-салтын ұстануына барлық жағдай жасалған. Еліміздегі барлық халықтың бір ту астында бейбіт өмір сүруі – мемлекеттік саясаттың басты ұстанымы, – деді А.Оразбаков.

Конференцияны қорытындылау сәтінде сұрақ-жауапқа кезек беріліп, қатысушылар ой-пікір алмасты. Осы орайда «Ақ-мешіт-Сырдария» мешітінің бірінші найб имамы Жақсыбек Әбіұлы келелі жиынынан алған әсерін бөлісті:

– Қазақ халқы ежелден ислам дінінің құндылықтарын ұстанып келеді. Ислам дінінде «Отанды сүю – иманнан» деген сөз бар. Осындай адами кемел ұстанымы мен ізгі қасиетінің арқасында қазақ халқы елімізді мекендеген барлық ұлтпен тең қарым-қатынас орнатып, мемлекетіміздің келешегі, Отанымыздың тыныштығы жолында бірге тұрып келіп келеді. Бүгінгі келелі жиында көп ойды көңілге түйдік, – дейді ол.

Өмірге құштар көңілмен



Сырдария ауданы Шіркейлі ауылдық мәдениет үйінде ауылдық округ әкімінің аппараты, Сырдария аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің қолдауымен Сырдария ауданының Құрметті азаматы, «Тасжарған», «Тағдырымның жанары» атты кітаптардың авторы Нұрмұхаммед Әбілқасымовтың шығармашылығына арналған «Өмірге құштар көңілмен» атты аудандық көркемөз оқу шеберлерінің байқауы өтті.

Тағдырымен тайталаса жүріп жыр көгінде өз қолтаңбасын жазған өршіл ақынның өлеңдерін көрерменге көркемдеп жеткізу үшін ұйымдастырылған байқауға 13 талапкер қатысуға өтінім берді.

Нұрмұхамед – Б.Момышұлы атындағы «Намыс» төсбелгісінің иегері, «Шабыт» жастар фестивалінің дипломанты, «Алтын қауырсын» номинациясының лауреаты, «Жаншұяқ» қоғамдық сыйлығының иегері, шахматтан кү-

кіндігі шектеулі жандар арасында облыс жеңімпазы, облыс әкімінің стипендиаты, «Лукойл» компаниясының грант иегері. Тағдыр қанша тартқыласа да табаны таймаған, өмірге соншалықты құштар, рухы биік азаматтың жігерін, қиындыққа моймайтын қайсарлығын үлгі ету үшін осындай іс-шара ұйымдастырылған.

Сайыс қорытындысы бойынша, қазылар алқасының шешімімен бас жүлдені Зарина Оразалиева (Шіркейлі ауылы), І орынды Инабат Төрөбек (Шіркейлі ауылы), II орынды Қырмызы Сүйінбек (Нағи Илсов ауылы), III орынды Фарида Жұматаева (Сырдария аудандық мәдениет үйі) иеленсе, қалған қатысушылар «Алғыс хатпен» марапатталды. Жетікөл ауылынан келген талапкер Аманжол Нұрсұлтан Нұрмұхаммед ақынның арнайы жүлдесі табысталды. Сайыс соңында сөз алған Нұрмұхаммедтің әкесі, ардагер ұстаз Қанатбек Әбілқасымов байқауға қатысушыларға алғысын білдірді. «Мәді қажы» серіктестігі атынан ақынға арнайы ескерткіш сыйлық табыс етілді.

«СБ» ақпарат



● СҰРАНЫСТЫ СҰХБАТ

Әліби Бекжанов:

Ескі әдіспен еңсе тіктелмейді

Дариядағы су деңгейінің жылдан-жылға төмен болуы дикан қауымын, әсіресе күріш егуге бейімделген шаруашылықтарды алаңдатып отыр. Жуырда өткен «Дала күні» семинар-кеңесінде осы мәселе жан-жақты талқыланды. Су үнемдеудің жаңа әдісін менгеріп, шаруасын жүргізіп отырған шаруашылық иелері тәжірибелерін ортаға салған еді. Жалпы, су тапшылығымен қалай күрескен жөн? Егін шаруашылығын қалай дамытамыз? Жалағаш ауданы «Ер-Әлі» шаруа қожалығының төрағасы Әліби Бекжановпен сұхбаттасқан едік.

– Сіз басшылық ететін шаруа қожалығы тың әдістерді қолға алыпты. Ол туралы қандай ой бөлісесіз?

– Жалпы су тапшылығы біздің шаруашылық үшін кейінгі он жылдың көлемінде өткір мәселеге айналды. Өйткені, егіндік жеріміз каналдың аяғында орналасқан. Сондықтан лазерлік жер тегістеу әдісін пайдаланып, су үнемдеуді қолға алуға тура келді. Қазір он жыл болды, дән себердің алдында лазерлік жер тегістеу тәсілін қолданамыз. Сондай-ақ, күріш дамып топтыраққа дискілеп енгізу арқылы егіледі. Мұны облыста тек біздің шаруашылық ғана іске асырып жүр. Бұл әдіс жерді тегістеуге, суды үнемдеуге, мол әрі сапалы өнім алуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар тыңайтқыш пен тұқымды үнемдеп егуге де үлкен септігін тигізіп отыр. Бұл салада жиырма бір жылдай тәжірибем бар. Алғашқы кезде 25-30 центнерден өнім алған едім. Қазір жаңа технологияның арқасында ең жоғары өнімді 97 центнерге жеткіздік, орташа өнім – 70-80 центнерді құрады. Былтыр

судың аздығына байланысты орташа 73 центнерден өнім алдық. 2020 жылы орташа өнім 80 центнерге жетті. Біздің өңір негізінен күріштің «Лидер», «Янтарь» сортын егеді. Мен өз тәжірибемде осы сұрыптардың өнімін 97 центнерден асыра алмадым. Соған байланысты қазір тың технологиямен егуді қолға алдым және бірнеше жыл бұрын Украинадан күріштің бірнеше сортын алып келгенмін, соны тәжірибе жасап, егін жаттырдым. Оң нәтиже беріп, 100 центнерден өнім берсе, алдағы уақытта аудандастырып, соған бейімделіп жұмыс істейтін боламыз. Осы егін шаруашылығында жүрген жиырма жылдан астам уақытта облыс көлеміндегі барлық шаруашылықтарды білемін деп айта аламын. Көбісі әлі сол баяғы кеңестік кезеңнің әдісімен егін егеді, өнімдері 40-50 центнерден аспайды. Есесіне, олардың жағдайы қиын. Ескі әдіс еңсені тіктелмейді. Олай дейтін себебіміз, біз 60 центнерден төмен өнім алсақ, шығынымызды жаппаймыз. Сондықтан мол өнім алу маңызды. Егін көлемін



көбейтіп, пайда табамын деп жаңсақ пікір. Керісінше, аз жерден мол өнім алу үшін технологияны енгізіп, мүмкіндігін пайдалану керек. Суға байланысты мынаны айтқым келеді. Менің мамандығым инженер-гидротехник. Көктемнің басында дарияда су мол болды. Қаншама су босқа кетті. Мына «Шіркейлі» каналына суды он күн бұрын бергенде біз былғы су тапшылығынан шығып кетер едік. Егін егуде біздің мамандар әлі бұрынғы «сәуірдің 25-інде дән себу керек» деген кеңесті түсінікпен қалған. Жоқ, олай емес. Суды осыдан он күн ерте бергенде күріш ерте егілер еді, егін ерте

пісер еді. Сәуірдің басында ауа райы егін егуге қолайлы болды. Қазір енді «Шіркейлі» каналын ашқасын су жетонологияны енгізіп, мүмкіндігін пайдалану керек. Суға байланысты мынаны айтқым келеді. Менің мамандығым инженер-гидротехник. Көктемнің басында дарияда су мол болды. Қаншама су босқа кетті. Мына «Шіркейлі» каналына суды он күн бұрын бергенде біз былғы су тапшылығынан шығып кетер едік. Егін егуде біздің мамандар әлі бұрынғы «сәуірдің 25-інде дән себу керек» деген кеңесті түсінікпен қалған. Жоқ, олай емес. Суды осыдан он күн ерте бергенде күріш ерте егілер еді, егін ерте

пісер еді. Сәуірдің басында ауа райы егін егуге қолайлы болды. Қазір енді «Шіркейлі» каналын ашқасын су жетонологияны енгізіп, мүмкіндігін пайдалану керек. Суға байланысты мынаны айтқым келеді. Менің мамандығым инженер-гидротехник. Көктемнің басында дарияда су мол болды. Қаншама су босқа кетті. Мына «Шіркейлі» каналына суды он күн бұрын бергенде біз былғы су тапшылығынан шығып кетер едік. Егін егуде біздің мамандар әлі бұрынғы «сәуірдің 25-інде дән себу керек» деген кеңесті түсінікпен қалған. Жоқ, олай емес. Суды осыдан он күн ерте бергенде күріш ерте егілер еді, егін ерте

пісер еді. Сәуірдің басында ауа райы егін егуге қолайлы болды. Қазір енді «Шіркейлі» каналын ашқасын су жетонологияны енгізіп, мүмкіндігін пайдалану керек. Суға байланысты мынаны айтқым келеді. Менің мамандығым инженер-гидротехник. Көктемнің басында дарияда су мол болды. Қаншама су босқа кетті. Мына «Шіркейлі» каналына суды он күн бұрын бергенде біз былғы су тапшылығынан шығып кетер едік. Егін егуде біздің мамандар әлі бұрынғы «сәуірдің 25-інде дән себу керек» деген кеңесті түсінікпен қалған. Жоқ, олай емес. Суды осыдан он күн ерте бергенде күріш ерте егілер еді, егін ерте

28 процент болған. Ал Жамбыл облысында 18 процент екен. Оларда 5 мың гектарға егіледі. Жанақорған, Шиелі, Жалағаш, басқа да аудандардан бос жерлерді игеріп, егуге болады. Бірақ оған мемлекеттен қолдау керек. Заманауи техника керек. Біздің техникалар негізінен күрішке бейімделген. Қант қызылшасын тәжірибе ретінде енді қолға алдық. Егер оң нәтиже беріп, өнім жақсы болып жатса, онда қант шығаратын зауыт керек.

– Өңірге картоп, сәбіз, пияз, қырыққабат сырттан тасымалданады. Осыларды өзімізде неге игермеске?

– Қырыққабаттың біздің жерге шығуы қиындау. Ал картоп, сәбізді егуге болады. Кезінде біздің совхоз екті. Өрине, бос, тың жерге егу керек. Былтыр 5 шақырым жерге электр энергиясын тартып, насос апарып қойдым. Биыл тамшылатып суару әдісімен 20 гектар жерге картоп, төрт гектар сәбіз егуді қолға алдық. Әкімшіліктен әртарапандыру керек деп айтып жатады, бірақ менен әртарапандыру керек, не егуге болады, оны айта алмайды. Жоңышка, сапалар егіндер дейді. Бірақ ол нәтиже бермейді. Ал картоп, сәбіз жақсы шығады. Тұқымдық картопты, егетін техниканы әкеліп қойдық. Баяғы қолдап егіп, қолдап жинау, яғни, ескі әдіс енді қиын. Ол дәуір кетті. Қазір бәрі арнайы техниканы, жаңа технологияны қажет етеді.

– Алма бағыңыз да бар екен. Жеміс-жидектерге де тәуелділіктен арылуға бола ма?

– 2018 жылы тамшылатып суару әдісімен 5 гектар жерге алма ектік. Қазір оң нәтиже беріп тұр. Ол жерде 4-5 адам тұрақты жұмыс істейді. Болашақта жүзім егу де жоспарда тұр. Жылыжай орнатып, қауын-қарбыздың көшетін даярлау да ойда бар.

– Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуде маман ретінде қандай ой қосасыз?

– Біздің облыс аграрлық аймақ болып есептеледі. Неге тыңайтқыш шығаратын, не қант шығаратын зауыт салмасқа? Шаруалар тыңайтқышты сырттан сатып алады. Ал ол өнімнің қымбаттауына әсер етеді. Одан бөлек, көп шаруашылық инвесторға тәуелді. Техника бағасы шарықтап тұр. Оның қосалқы бөлшектері де сырттан келетіндіктен қымбатқа түседі. Содан келіп, өндірілген өнім де қымбат болады. Мәселен, қазір 1 гектар күрішке кететін шығын 500 мың теңгені құрайды. Жоғарыда айттым, 25 гектар тамшылатып суарумен егін егін жаттырмын. Сол жерге 60-70 миллион теңге салдым. Жалпы, біздің ел ауыл шаруашылығын құлдыратып алды. Жер асты байлығын алғанға, оны шет елге сатқанға мән болды. Сол қаржыларды ауыл шаруашылығын дамытуға салғанда жағдай басқаша болар еді. Азық-түлік нарқы да халыққа салмағын салмаған болар еді.

– Ашық пікіріңізге рахмет! Еңбектеріңізге табыс тілейміз.

Сұхбаттасқан
Айнұр БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы»

Тұжырымдама кәсіпкерлікке қарқын қосады

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа Қазақстан: Жанару мен жаңғыру жолы» атты Жолдауында елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайына тоқтала келіп, «бизнес өкілдерінің және азаматтардың нақты сұранысы негізінде шешімдер әрі кеткенде үш күн ішінде, тіпті, қажет болса бір тәулікте қабылдануға тиіс» деген болатын. Өрине, бұл сөзден кәсіпкерлерге деген қамқорлықты, қолдауды байқау қиын емес.

Сондай-ақ Мемлекет басшысы 2020 жылы жасаған Жолдауында «игілік пен міндетті тең бөлу, жеке кәсіпкерліктің жетекші рөлі, жаңа кәсіпкерлерге арналған нарықты қалыптастырып, әділ бәсекелестікке жағдай жасау – негізгі бағыт» деген еді. Одан бөлек те, Президент әр жылдары жиындарда, жолдауларда кәсіпкерлерді қолдауды ашық айтып жүр. ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасының 8-ші съезінде шағын және орта кәсіпкерліктің 2030 жылға дейінгі жаңа даму стратегиясын айқындау міндетін де басты орынға қойған болатын. Осы тапсырманы орындау үшін ҚР шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасының жобасы әзірленді. Үкімет оны мақұлдады.

Осыған дейін ҚР Премьер-министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында елдегі шағын және орта бизнесті дамыту мәселелері қаралды. Онда бірқатар жауапты тұлғалар баяндама жасап, шағын және орта кәсіпкерлікті қалай дамытудың жолын, тұжырымдамасын талқылады.

2015 жылдан бастап 2021 жылға дейінгі кезеңде Қазақстандағы шағын және орта кәсіпкерліктің даму серпіні оң нәтижені көрсетті. Жалпы ішкі өнімдегі шағын және орта кәсіпкерліктің үлесі 7,9%-ке артып, 34,7%-ке жетті. ШОК өнімдерін шығару 2 есеге артып, номиналды мәнде 29,7 трлн теңгені құрады. Жұмыс істеп тұрған ШОК-тың жалпы саны 15,2%-ке артып, 1,4 млн субъекті болды. ШОК-та жұмыспен қамтылғандардың жалпы саны 10,6%-ке артып, 3,5 млн адамды толтырды. Өрине, бұл көрсеткіштерге

қуануымыз керек. Десе де, әлі де атқарылар жұмыстар бар. Негізгі кәсіпкерлік қызметті одан әрі дамытуға қолайсыз реттегіш жүйе мен шектен тыс әкімшілік жүктеме кедергі келтіреді. Бұл мәселені Мемлекет басшысы 2021 жылдың аяғында қол қойған жаңа реттеу саясатын енгізу мәселелері жөніндегі заң аясында екі кезеңде шешу жоспарланып отыр. Мәселен, былғы жылдың бірінші жартыжылдығында төрт басым салада: сауда қызметі, көлік, ауыл шаруашылығы, қоғамдық тамақтандыру және қонақүй қызметтері секілді салаларда реттеушілік талаптар қайта қаралатын болады. Аталған салаларда ШОК субъектілерін қамту шамамен 60%-ті құрайды. 2022 жылдың екінші жартыжылдығында және 2023 жылы денсаулық сақтау, құрылыс, өнеркәсіп және т.б. (ШОК қамту – 40%) секілді қалған салаларда бизнеске қойылатын талаптарды (40 мыңнан астам) қайта қарау жоспарланып отыр. Жаңа тәсілдерді іске асыру бизнеске түсетін жүктемені түбегейлі азайтуға және жаңа экономика жағдайында іскерлік белсенділікті дамытуға серпін беруге жол ашады.

Қолдаудың тағы бір құралы – шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы. Оның аясында нарықтың жекелеген қатысушыларына әділетсіз артықшылықтар беретін заңнамалық реттеуші актілердің күшін жою, жаңа бастаған, жұмыс істеп тұрған бизнес үшін сапалы өнеркәсіптік, инновациялық, креативті инфрақұрылымның артық ұсынысын жасауды ынталандыру, бизнестің есептілігін авто-

маттандыру және рұқсат беру құжаттарының санын қысқарту, шектеулі бюджет ресурстарын пайдаланудың тиімділігін арттыру үшін жеке тұлғалар алдында ұжымдық пайданың басымдығын қамтамасыз ету, ШОК үшін реттеушілік кедергілерді қысқарту көзделіп отыр.

Сөз басында айтып кеткеніміздей, Үкімет шағын және орта кәсіпкерлік тұжырымдамасында ұсынылған тәсілдерді қолдады. Премьер-министр Үкімет «Атамекен» ҰКП-мен бірлесіп, бизнесті дамытуға қолайлы жағдай жасау үшін тұрақты негізде сындарлы жұмыс жүргізуде. Мәселен, кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба бекітіліп, кәсіпкерлік қызмет саласында жаңа реттеу саясатын енгізу мәселелері туралы заң қабылданды. Өз кезегінде Үкімет «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы мен «Бизнестің жол картасы» аясында қолдау шараларын жалғастыратын болады. Бұл да – кәсіпкерлікке жасалған ерекше қолдау. Өйткені, аталған бағдарламалардың шарапаты кәсіп бастаған көптеген жаңа тигені анық.

«Мемлекет басшысының тапсырмасын іске асыру үшін 2030 жылға дейінгі шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту тұжырымдамасы әзірленді. Бұл құжатқа сәйкес, шағын және орта бизнестің дамуына жаңа серпін беру үшін қажетті институционалдық жағдайлар мен алғышарттар қабылданатын болады. Тұжырымдаманы іске асыру 2030 жылға қарай осы салада жұмыс істейтіндердің санын 5 млн адамға дейін ұлғайтуды қамтамасыз етеді. Сондай-ақ 2030 жылға қарай жалпы ішкі өнімдегі ШОК үлесін 40%-ке, жалпы ішкі өнімдегі орташа компаниялардың үлесін 20%-ке дейін арттыруға мүмкіндік береді. Азаматтарға кәсіпкерлік қабілеттерін іске асыруға тиісті жағдай жасап, ашық әрі адал бизнес жүргізгенде ғана аталған мақсаттарға қол жеткізу мүмкін болады», – деп атап өтті Әлихан Смайылов Үкімет отырысында.

Құжатта осы әлеуеті бар ШОК-қа басым қолдау көрсетуге бағытталған саланы дамыту тәсілдері қалыптастырылған. Әзірленген тәсілдерді іске асыру оңайға соқпаса анық. Ол үшін кәсіпкерлік бастамаларды қолдау және ынталандыру, фискалдық парасаттылықты көтермелеу, көлеңкеден шығуға ықпал ету, ШОК-тің бәсекеге қабілеттілігінің өсуіне жәрдемдесу қағидаттарын сақтау маңызды.

Осы күні БАҚ беттерінде ШОК-ты дамыту тәсілдері пирамида қағидаты бойынша құрылатыны жазылып жатыр. Қазақстан Республикасында ШОК-ты дамыту проблемаларын шешуге бағытталған міндеттер де айтылуда. Олар – кәсіпкерлік белсенділікті қамтамасыз ететін институционалдық орта құру, бизнес-ахуал мен бизнес-ортаға әсер ететін кәсіпкерлік қызметті реттеуді дамыту, мемлекеттік қолдау шаралары құрылымының тиімділігін қамтамасыз ету.

Үкімет басшысы Ұлттық экономика министрлігіне «Атамекен» ҰКП-мен бірге Шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту тұжырымдамасын сапалы іске асыруды қамтамасыз етуді, кәсіпкерлік қызметті «таза парактан» реттеудің жаңа тәсілдерін іске асыру үшін салалық мемлекеттік органдар мен өңірлердің әкімдіктеріне бірінші басшылардың жауапты орынбасарларын белгілеуді тапсырғаны көпшілікке мәлім. Сонымен қатар ҚР Ұлттық экономика министрлігіне мүдделі мемлекеттік органдармен бірге Тәуекелдерді басқару жүйесінің негізінде бизнесті мемлекеттік бақылау жүйесін автоматтандыру жөніндегі жол картасын әзірлеу туралы баса айтты. Мұның бәрі алдағы уақытта жүзеге асуы тиіс. Ел игілігі жолында еңбек ету – біздің басты мақсатымыз.

Фердоуси ҚОЖАБЕРГЕНОВ,
облыстық кәсіпкерлік және туризм басқармасының басшысы

● КӘСІП ПЕН НӘСІП

Өзіміз қоныстанған Әйтеке би кентінің көшесін араласаңыз, небір еселі ғимараттар мен көрікті үйлерді көріп, кеуденіңіз қуаныш сезімі кернейді. Уақыт көшінің көз ілесіп жылдамдықпен жылжып жатқанын іштей мойындайсыз.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ,
«Сыр бойы»

Берекені еңбектен тапқан



«Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» деген қағида қашанда өзін дәлелдеп келеді. Өрі замана ағымына сай кәсіп түрлері де көбейіп жатқаны баршаға аян. Сондай кәсіптің бірі – полифасад өнімін дайындау жөн санаған. Аталуы құлаққа тосындау естілгенімен, қысқа уақытта жұртшылық назарын өзіне аударып үлгерген осынау кәсіп түрі қазалылықтарға да таныс.

Полифасад – бүгінде қасбетті өңдеу мен әрлеудің жоғары сападағы, қымбат емес, тиімді түрлерінің бірі. Ол жауын-шашыннан және басқа да климаттық жағдайлардан қорғайды.

Кент тұрғыны, жеке кәсіпкер Гүлзира Нұрлыбекова былтыр «Бизнестің жол картасы-2025» мемлекеттік бағдарламасы аясында мемлекеттік грант беру конкурсына қатысып, жеңімпаз атанған болатын. Осылай-

ша кәсібін бастауға қажетті қаражатқа (4,5 млн теңге) қол жеткізді.

Енді не істеу керек? Кәсіпкер қарындасымыз отағасы Асқармен ақылдаса келе, полифасад өнімін дайындауды жөн санаған. Ният-мақсаттары тоғысып, ынтымағы жарасқан ерлі-зайыптылар отбасылық бизнесті бастап кетті. Алғашқы қадамдары бөтен емес. Алдағы уақытта жұмыс ауқымын ұлғайту ойда бар.

Кәсіпкер қазіргі кезде аудандағы тұрғын үйлер мен ғимараттарға заманауи үлгідегі және әртүрлі көлемдегі полифасад өнімін шығаруда. Жергілікті тауар-өндірушіні қолдағандар осы өнімге тапсырыс беруде.

Берекені еңбектен тапқан Асқар мен Гүлзираның отбасында төрт ұл өсіп келеді. Кәсіп берекелі болсын!

Қазалы ауданы

ЕР ЕСИМІ – ЕЛ ЕСІНДЕ

Майдангерлер жадымыздан өшпейді

Соғыс оты сөнгелі қаншама жыл өтіп, заман өзгеріп, ұрпақ алмасқанымен, сол сұрапыл кезең аға буының жадында жатталып, тарих бетіне қатталған. Сырдария ауданы Шіркелі ауылындағы біздің әулеттен үлкен атам Палымбеттің інісі Лияс, балалары Мүсілім, Серікбай майданға аттануы. Ауылда 10 жасар Әуезхан мен Сағида кәрі әке-ешенің қолында қалып, «Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін» деген ұранмен буыны қатпаса да, бел жазбай еңбек еткен.

Палымбет соғыс басталғанда жасы үлкейіп қалғанына қарамай, пошта қызметкері болып, майданнан келген хаттарды таратыпты. Үлкен кісілерге үшбұрыш хаттарды оқып, жауабын жазып берді екен. Әжеміз Айым балаларының тілеуін тілеп, колхоз жұмысына араласқан.

Соғыс әр шаңырақты шайқалтып кеткені белгілі. Лияс атамыз сол бойы оралмады. Мүсілім атамыз ауыр жараланып келіп, үйленіп, ұрпақ

сүйгенімен, жарақаты асқынды, жастан асқан баласы Орынбектің қызығын да көре алмай өмірден өткен.

Серікбай атамыз 1944 жылдың сәуір айында үйленген тоғыз күн өткенде 18 жасқа толып, Отан қорғауға аттанады. Варшаваны азат етуден бастап, Берлинде Жеңіс күнін қарсы алады. Бірақ Нюрнберг процесін күзетуге алып қалады да, елге 1947 жылы ғана оралады.

Соғыстан қайтқан сарбаз-



дың еңбек жолы Қызылорда жиһаз фабрикасында балташылықтан басталып, жиһаз шебері, цех бастығы, партия ұйымының басшысы, Қызылорда қалалық кеңесінің бірнеше рет депутаты болып

сайланды. Еңбегі еленіп, марапаттарға ие болған. Серікбай атамыздан тараған ұрпақ әр салада қызмет етуде. Ағаш ұсталығы балаларына берілді, олар да – ағаштан түйін түйетін шебер.

Ал менің атам Әуезхан ұстаздық жолды таңдады. Ол кісінің ізімен әулетте бірнеше ұрпақ мәртебелі мамандық иесі атанды. Атам – Сырдария ауданында КСРО-ның еңбек сіңірген мұғалімі атағын алған бірден-бір адам. Өзі ақын, шежіреші, ауыл тарихын алғаш қағаз бетіне түсірген тарихшы еді. Біз ұрпақтары аталарымызды мақтан етіп, жадымызда сақтаймыз.

Баубек ӘУЕЗХАН,
№129 Ә.Жәмішев
атындағы мектеп-
лицей мұғалімі.
Сырдария ауданы

Жат жерде қалған жауынгер

Біз Ұлы Отан соғысына қатысқандардың ерлігі туралы ешуақытта ұмытпаймыз. Ата-бабамыздың ерен ерлігімен келген Жеңіс күні қарсаңында адамзат тарихында ең ауыр және қанды соғысты көрген атамыз бен әжемізді еске алып, бірер сөз айтқымыз келді.

Бұл соғыс әр отбасының тағдырында ауыр із қалдырды. Майданға Өмірзақ атамыз аттанып, қайта оралмаған. Ол Жаңақорған ауданының Қыраш ауылында 1908 жылы дүниеге келген. 1942 жылы шілде айында әскерге алынған. 1942 жылы 12 қарашада Орлов қаласы үшін шайқаста қаза тапқан. Орлов облысы, Глинное селосының солтүстік жағында 2 шақырым жерде жерленген.

Өмірзақ атамыздың жұбайы Қаламқұл Әшімқызы әжеміз – тылда тынбай еңбек еткен қайсар жан. Соғыс аяқталған соң, мал шаруашылығында жұмыс істеді. Біз Қаламқұл әжеміздің тәрбиесін көрдік.

Қолы боста Өмірзақ атамыз туралы естеліктерін, соғыс уақытындағы қиындықтар туралы әңгіме айтып беретін. Көп сұрақ қоятынбыз.

Өмірзақ ата мен Қаламқұл әжемізден жалғыз перзент Әбдуәлі әкеміз дүниеге келген. Аққыз Токсанбайқызы анамыздың айтуы бойынша, әкеміз жалғыз болғандықтан көпбалалы болуды армандаған екен. Алланың қалауымен Аққыз анамыз 12 құрсақ көтерген Батыр ана болды. Өмірзақ атамыздан 12 немере, 35 шөбере, 47 шөпшек тарады. Олар жан-жақта қызмет жасап жүр.

Сұрапыл соғысқа Өмірзақ атамыздың інісі Рысбай Дос-



манбетов қатысқан. Ол елге аман-есен оралып, 1988 жылға дейін қызмет жасаған.

«Ендігі жерде ешқандай соғыс болмасын. Еліміз тыныш, жұртымыз аман болып, бейбітшілік заман болсын» деп тілеуімізді тілеп отыратын. Ерлік ешқашан ұмытпайды.

Оны жасаған адамдар да жадыдан өшпейді.

Меруерт ӨМІРЗАКОВА,
Қорқыт ата атындағы
Қызылорда университетінің
қауымдастырғын
профессоры, экономика
ғылымдарының кандидаты

Атқарушы жазбалардағы өзгерістер

2016 жылғы 1 қаңтардан бастап «Нотариат туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер енгізілді. Заңдағы жаңашылдық нотариустарға атқарушылық жазбалар жасау құқығын беру болды. Бүгінгі қоғамда нотариустың атқарушылық жазбаны жасауына сұраныс бар, бұл өз кезегінде мәжбүрлеп орындау рәсімін айтарлықтай жеңілдетеді.

Қазір атқарушылық жазбаларын жасау тәжірибесі қалыптасты, оның жасалуын реттейтін нормаларды іске асырудағы тиімді жақтары мен проблемалары анықталды. Республика бойынша егер 2016 жылы нотариустар тек 950 атқару жазбасын жасаған болса, 2017 жылы 24852, ал 2018 жылы 253504, яғни бір жыл ішінде Қазақстан Республикасының нотариустары жасаған атқарушылық жазбаларының саны 100 есе артқан.

Қызылорда облысы бойынша нотариустар жасайтын атқарушылық жазбалар жылдан-жылға көбеюде. Бұл деректер даусыз берешектерді өндіріп алудың осындай тәсілінің тиімділігі мен оның қоғамдағы қажеттілігін көрсетеді.

Нотариустардың атқарушылық жазбалар жасауы азаматтық-құқықтық қатынастардың негізгі қағидаты адалдықпен келісіледі, азаматтар мен заңды тұлғалар оларға тиесілі құқықтарды адал, ақылға қонымды және әділ жүзеге асыруына әрекет етуін көрсетеді.

Атқарушылық жазба институты – даусыз сипаттағы талаптарды тез және тиімді шешуді қамтамасыз етуге қабілетті маңызды құқықтық құралдардың бірі. Қазақстан Республикасының Конституциясына және онда белгіленген меншік құқығын қорғау принциптеріне қайшы келмейді. Бұдан басқа, атқарушылық жазба меншік құқығын қорғаудың халықаралық-құқықтық тәсілдеріне және соттарды даусыз сипаттағы істерден босату үрдісіне сәйкес келеді.

Нотариустың атқарушылық жазбаны жасауы сот жүісі органдарының жұмысымен алмастырылмайды, алайда даусыз талаптарды шешу процесін жеңілдетеді және жеделдетеді. Бұл ретте нотариустың қолжетімділігі және өндіріп алушының кез келген нотариуска атқарушылық жазба жасау үшін жүгіну құқығы, сондай-ақ қаржылық шығындарды және атқарушылық жазбаны жасау мерзімдерін қысқарту – негізгі артықшылық.

Қолданыстағы нотариат туралы заңнама талаптарына сәйкес, борышкерден ақшаны өндіріп алу, өзге де жылжымалы мүлкті талап ету үшін нотариус берешекті белгілейтін құжатта атқарушылық жазба жасайды немесе

тиісті қаулы береді.

Атқарушылық жазба өндіріп алушыға тиесілі белгілі бір ақша сомасын борышкерден өндіріп алу немесе жылжымалы мүлкті талап ету туралы нотариустың өкімін білдіреді. Атқарушылық жазба біріншіден, егер ұсынылған құжаттар берешектің немесе борышкердің өндіріп алушы алдындағы өзге де жауапкершілігін даусыз екенін растаса, екіншіден, егер талап қою (арыз) құқығы туындаған күннен бастап үш жылдан аспайтын уақыт өтсе, жасалады. Егер атқарушылық жазба берілетін талап үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында өзге ескіру мерзімі белгіленсе, атқарушылық жазба осы мерзім шегінде ұсынылады.

Өндіріп алушының борышкерге қоятын талаптарының даусыздығы – нотариустың атқарушылық жазбаны жасауының негізгі шарты. Ол берген және қойылатын талаптардың даусыздығын растайтын құжаттар бойынша анықталады. Нотариус ұсынылған құжаттар бойынша талаптардың даусыздығын ғана тексереді. Нотариус өндіріп алушыдан қарыздың болу фактісін, сондай-ақ оның мөлшері бойынша талаптар арасында даудың бар-жоғын анықтауға тиіс.

Осыған байланысты өндіріп алушы тиісті құжаттарды, мысалы, берешек фактісінің болуын растау үшін талаптар арасында жасалған шартты белгілі бір күнге шарт бойынша берешек талаптарының салыстыру актісін, міндеттемені бұзу не борышты тану фактісі бойынша талаптардың хат алысуын немесе т.б. өзара есеп айырысу туралы құжаттарды ұсынуы тиіс.

Борышкер міндеттемені орындауды немесе өндіріп алушының берешектерін бұзуды даулаған кезде, нотариустың атқарушылық жазба жасауға құқығы жоқ және өндіріп алушыға дауды шешу үшін сотқа жүгіну құқығын түсіндіруге тиіс.

Биыл атқарушылық жазбаны жасау тәртібіне келесідей өзгерістер енгізілді. «Нотариустардың нотариаттық іс-әрекет жасау ережесін бекіту туралы» ҚР Әділет министрінің 2012 жылғы 31 қаңтардағы №31 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Әділет министрінің 2022 жылғы 30 наурыздағы №261 бұйрығы бекітіліп, мемлекеттік тіркеуден өткізіліп, яғни, аталған ережесінің 221 тармағына енгізілген өзгеріс келесідей:

Заңның 92-1-баптың 2-тармағы 1), 2), 3), 4), 5), 6), 7) және 8) тармақшалардың негізінде атқарушылық жазба, егер шартта өзге мекенжай

көрсетілмесе, борышкердің (жеке тұлғаның) тіркелген жері не тұрғылықты жері бойынша, заңды тұлға борышкер болып табылған жағдайда, онда оның тіркелген жері не оның тұрақты жұмыс істейтін орнанын тұрған жері бойынша жасалады. Бұрын борышкердің тұрғылықты не болмаса тіркелген жеріне қарамастан жасалатын болатын.

Қазақстан Республикасының әртүрлі өңірлерінде тұратын тіркелген ортақтар борышкерлерге қатысты атқарушылық жазба өндіріп алушының таңдауымен борышкерлердің бірінің мекенжайы бойынша жасалады. Аталған талаптар бойынша атқарушылық жазбаны нотариус оның үй-жайы орналасқан жеріне сәйкес нотариаттық палатамен айқындалған оның қызмет ету аумағы бойынша жасайды.

Заңның 92-1-бабы 2-тармағы 9) және 10) тармақшаларының негізінде өндіріп алушы нотариуска өтінішті өндіріп алушы мен борышкердің тіркелген жеріне қарамастан береді. Қосымша шығыстарды өндіріп алу туралы талаптарды қоспағанда, «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының Заңында бекітілген кондоминиум объектілерінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға міндетті шығыстарға қатысуға жалғаратын, пәтерлер, тұрғын емес үй-жайлар меншік иелерінен берешекті өндіріп алу туралы міндеттеме бойынша берешекті өндіріп алу үшін:

- өндіріп алушы қуаландырылған қызмет көрсету шартының көшірмесі;
- тарифтерді белгілеу туралы құжаттардың көшірмелері (хаттама, пәтерлер, тұрғын емес үй-жайлар иелері жалпы жиналысының шешімінен үзінді);
- қызметтер үшін төлем бойынша берешек сомасын есептеу туралы құжат (өндіріп алушы қуаландырылған берешек сомасының есебімен жеке шоттың көшірмесі немесе өндіріп алушы қуаландырылған жеке шоттан үзінді көшірме) ұсынылады.

Құжатта берешекті төлеу мерзімі туралы, төлем енгізу жөніндегі міндеттің пайда болу күні туралы, берешек сомасы туралы мәліметтер болады.

Осылайша нотариустардың атқарушылық жазбаларды жасауы жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын қорғау барысындағы іс-әрекеттерді жеңілдетеді.

А.ҚОСБЕРГЕНОВА,
Қызылорда облысының әділет
департаментінің бөлім басшысы

ЖОБА

Қызылорда облысы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы

«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 27 және 50-баптарына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес тізбе бойынша Қызылорда облысы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулы алғашқы рет жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізілсін.

Қызылорда облысының әкімі **Н.Нәзімбаев**

Қызылорда облысы әкімдігінің 2022 жылғы «...» №... қаулысына қосымша

Қызылорда облысы әкімдігінің күші жойылған кейбір қаулыларының тізбесі

1. «Қызылорда облысының жастар форумы туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2016 жылғы 28 наурыздағы №401 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізімінде №5488 болып тіркелген).
2. «Қызылорда облысының жастар форумы туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2016 жылғы 28 наурыздағы №401 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2017 жылғы 6 қарашадағы №931 қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізімінде №6023 болып тіркелген).
3. «Қызылорда облысы әкімі аппаратының лауазымды адамдарының жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдауының регламентін бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2020 жылғы 14 желтоқсандағы №156 қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізімінде №7907 болып тіркелген).
4. «Жергілікті ерекшелік белгілері мен құрметті сипаттамасын, оларды беру тәртібін, оның ішінде бірқолғы сыйақы төлемдерінің мөлшерін айқындау туралы» Қызылорда облысының 2020 жылғы 21 желтоқсандағы №164 қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізімінде №7939 болып тіркелген).

● БРИФИНГ

Сыртқы талдау сыбайластық жолын кеседі

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі облыс бойынша департаментінің ресми дерегіне қарағанда, осы жылдың I тоқсанында 38 қылмыс тіркелген. Оның ішінде 1-еуі аса ауыр, 25-і ауыр, 19-ы сыбайлас жемқорлық сипатындағы қылмыс. Анықталған қылмыстардың ішінде 5-еуі – паракорлық және 20-сы – мемлекет қаржысын жымқыру фактілері. Сонымен қатар, 19 қызметкердің сыбайлас жемқорлыққа қатысты қылмысы әшкереленіп, оның ішінде облыстық деңгейдегі бірінші басшыларға қатысты 3 сыбайлас жемқорлық сипатындағы құқық бұзушылық анықталған. Ал, ауыл шаруашылығын субсидиялау барысында орын алған 9 қылмыстық іс тергелуде. Бұл туралы журналистерге арналған брифингте департамент басшысы Руслан Ақмырзаев баяндады.

Баяндамадағы деректерге сүйенсек, есепті мерзімде сыбайлас жемқорлықтың 3, шағын және орта бизнеске заңсыз араласудың 3 фактісі, көлеңкелі экономикаға қамқорлық жасау дерегімен 2 қылмыс анықталған. Сондай-ақ, мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру барысын сүйемелдеу шеңберінде 10 негізгі қылмыс тіркеліп, сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізілуде. Жалпы тергеу өндірісінде 57 қылмыстық іс қаралып, оның ішінде 25 іс аяқталса, 9 қылмыстық іс сотқа жолданған. Мемлекетке келтірілген залал көлемі 47039369 теңге екені анықталып, 45701369 теңгесі өндірілген.

– Сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға басым ерекшеліктердің бірі – сыбайластық тәуекелдеріне сыртқы талдау жұмыстары. Бұл бағытта I тоқсанның қорытындысымен облыстық көліктік бақылау инспекциясының 2019-2021 жылдар аралығындағы қызметіне сыртқы талдау жұмыстары жүргізілді. Талдау қорытындысымен жұмыс барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің себеп-салдарын анықтап, 26 ұсыным берілген, бүгінгі күні 21-і орындалды. Сонымен қатар, жергілікті және орталық атқарушы органдардың қолданыстағы

нормативтік құқықтық актілеріндегі жемқорлық тәуекелдерін туындататын жағдайларды алдын алу үшін есепті кезеңде 7 мониторинг жүргізіліп, 46 ұсыным енгізілді. Осы орайда мемлекеттік қызметшілердің жеке кәсіппен айналыса отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдамағаны үшін Әкімшілік құқық бұзушылық кодексінің 154-бабы бойынша 2 хаттама толтырылып, 857 640 теңге айыппұл салынды, – деді Р.Ақмырзаев.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Жол картасының 22-тармағына сәйкес департамент қызметкерлері жоспарланған мемлекеттік сатып алу бағасын жасанды көтеруге байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтауға мүмкіндік беретін «Бірыңғай сатып алу терезесі» веб-порталы арқылы жоспарланып отырған мемлекеттік сатып алу жұмыстарына тұрақты мониторинг жүргізілген. Осының нәтижесінде 30 мекемеге ұсыныстар жолданып, 375 536 165 теңге мемлекет қаражаты үнемделген.

Жалпы аталған мерзімде қоғамда жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бағытында 100-ден аса іс-шара ұйымдастырылған.

«СБ» ақпарат

Хабарландырулар

Қызылорда облыстық мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2022 жылдың 15 сәуірдегі үйғарымымен «Строй Сегмент» ЖҚ А.А.Султановқа (ЖСН 790702302666) қатысты оналту рәсімін қолдану бойынша азаматтық іс қозғалғаны хабарлайды.

Барлық кредиторлар мен мүдделі тұлғалар туындаған сұрақтары бойынша Қызылорда қаласы, Желтоқсан көшесі 18 А, байланыс тел.: 87718227759 хабарласуына болады.

Қызылорда облыстық мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2022 жылдың 21 сәуірдегі үйғарымымен «Нур-Ди Сервис» ЖШС-на (БСН 091040006848) қатысты оналту рәсімін қолдану бойынша азаматтық іс қозғалғаны хабарлайды.

Барлық кредиторлар мен мүдделі тұлғалар туындаған сұрақтары бойынша Қызылорда қаласы, Желтоқсан көшесі 18 А, байланыс тел.: 87059603400 хабарласуына болады.

Мұралық істің ашылғаны хабарлайды

Қызылорда қаласының жеке нотариусы Алменбетов Айтбай Алимжанович (лицензия №13002793 26.02.2013 ж.) 2021 жылдың 19 желтоқсанында қайтыс болған азамат Мұхамеджанов Аким Фазыловичтің атынан мұралық істің ашылғаны хабарлайды. Мұрагерлері болса, мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: Қызылорда қаласы, Қонаев көшесі №17 А үй, тел.: 30-25-32, 8 778 202 01 44, 8 705 966 09 40.

Қызылорда қаласының жеке нотариусы Алменбетов Айтбай Алимжанович (лицензия №13002793 26.02.2013 ж.) 2021 жылдың 17 қазанында қайтыс болған азамат Курманғазиев Қонасбай Тұржымбаевичтің атынан мұралық істің ашылғаны хабарлайды. Мұрагерлері болса, мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: Қызылорда қаласы, Қонаев көшесі №17 А үй, тел.: 30-25-32, 8 778 202 01 44, 8 705 966 09 40.

Қызылорда қаласының жеке нотариусы Алменбетов Айтбай Алимжанович (лицензия №13002793 26.02.2013 ж.) 2022 жылдың 9 қаңтарында қайтыс болған азамат Кодренов Бахытжан Муратовичтің атынан мұралық істің ашылғаны хабарлайды. Мұрагерлері болса, мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: Қызылорда қаласы, Қонаев көшесі №17 А үй, тел.: 30-25-32, 8 778 202 01 44, 8 705 966 09 40.

Қызылорда қаласының жеке нотариусы Алменбетов Айтбай Алимжанович (лицензия №13002793 26.02.2013 ж.) 2022 жылдың 9 қаңтарында қайтыс болған азамат Кодренов Бахытжан Муратовичтің атынан мұралық істің ашылғаны хабарлайды. Мұрагерлері болса, мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: Қызылорда қаласы, Қонаев көшесі №17 А үй, тел.: 30-25-32, 8 778 202 01 44, 8 705 966 09 40.

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: **70-00-52** телефоны арқылы байланысуға болады. **E-mail: smjarnama@mail.ru**

Жарқын өмір - достықтың дидагында

Ұлы Абайдың әр өлеңі мен қара сөзі – адамзат үшін құнын жоғалтпайтын қазына. Уақыт өткен сайын ақын айтқан әр ойдың астарында терең мән барын түсініп, адамгершілік пен имандылықтың, биік парасаттың асыл кеніне кенеле түссіз. «Қазақстан көрейлер қауымдастығы» облыстық бірлестігінің белсендісі, «Абай қазынасына саяхат» клубының жетекшісі Елена Пак ақынның әрбір сөзі тұлға болып қалыптасуына ықпал еткенін айтады.



Абай тағбылымынан тамыр тартқан

Корей ұлтынан болса да, жаны қазақ Елена – болашақ тіл маманы. Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде филология факультетінің 4-курсында білім алуға. Қазақ тіліне жетік жас түрлі байқауларда топ жарған. Абайдың 200-ге жуық өлеңі мен бір поэмасын жатқа айтатын талапты бойжеткеннің бұл өнеріне сүйсінбейтін жан жоқ. Зерек қыз тіл білімінің қыр-сырына қанығып, болашағын осы мамандықпен ұштастырған. Әрбір тілді жете зерттей білсең, сол ұлттың бүкіл болмыс-бітімін зерделеуге әбден болатынын айтады.

Сонау 1938 жылы тарихи отанынан қуғын-сүргінге ұшыраған корей халқы Сырдың шежірелі Шиелі мекеніне жер аударылады. Қадым заманнан қанымызға сіңген қалпымызды сақтап, тағдыр жазуымен біздің жерге келген талай жан кеңпейлі ниетіміздің шауғанын қуат алды. Қазір егемен еліміздің еңсесін тіктетуге олар да бізбен бірге хал-қадірінше үлесін қосып келеді. Жергілікті халықтың тілі мен ділін бойына сіңіріп, олармен туыс-бауыр секілді етене араласып кетті.

Оның ішінде Еленаның атасы Виталий Пак пен әжесі Лян Светлана да бар еді. Кезінде «Ақмая» шаруашылығында атасы механикатор болса, әжесі ауылдық

әкімшілікте есепші болып еңбек еткен. Қазірде бейнетті жылдардың жемісін татуда. Ал ата-анасы «Ақмая» жеке шаруашылығын дөңгелетіп отыр. Өзінен кейін інісі Виталий Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде экономист мамандығын игеруде. Кенже сіңлісі Мария – 5-сынып оқушысы.

– Біз бала кезімізден қазақтың ортасында өскендіктен, олармен біте қайнасып кеткенбіз. Салт-дәстүріміздің көбі ұқсас. Мысалы, бала туғаннан бастап, үлкен өмірге қадам басқанына дейін жасалатын рәсімдер бізде де бар. Айталық, баланың бір жасы міндетті түрде тойланады. Бұл тұсау кесу дәстүріне келеді. Көп ретте менің қазақ тілін білуім өзіме пайдасын тигізеді. Достық пен бірлік ұлт таңдамайды. Қасиетті Сыр елінде туғаным, осы жерде білім алып, өсіп келе жатқаным ризамын. Қазақ халқының дарханлығы мен кеңпейіліне қашанда қарыздармыз, – дейді зерек қыз.

Бет қатталып жатқанда біз Еленаның Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен өткен Қазақстан халқы Ассамблеясының сессиясына Сыр елінің атынан барған делегация құрамында екенін білдік. Елорда төрине жол тартқан талапты бойжеткенге ақ жол, сәт-сапар тіледік!

«Достық үйі» – татулық дидагы



Қазақстан халқы Ассамблеясы 1995 жылдың 1 наурызында құрылып, осы кезге дейін елімізде этносаралық татулықты, бірлік пен достықты нығайту жолында түрлі жұмыстар атқарып келеді. Осы тұрғыда еліміздегі 130-ға жуық ұлт пен ұлыстың басын қосып, оларды бір шаңырақ астына жинап, мәдениетімен танысып, дәстүр алмасып, өзара тіл үйреніп, белсенді өмір сүруіне сеп болып отырған «Достық үйлерінің» маңызы зор.

Аружан ЕРАЛЫ,
«Сыр бойы»

Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін этнос өкілдері шоғырланатын келісім сарайын құру идеясы пайда болған. Осылайша ең алғашқы «Достық үйі» 1992 жылы Өскемен қаласында ашылды. Бүгінде республиканың барлық облысында бар ынтымақ үйі Сыр өңірінде де жемісті еңбек етуде.

Этномадени бірлестіктер елдегі этносаралық келісімді нығайту, халық мәдениетінің өзара дамуы мен ұлттық салт-дәстүрді жандандыруға, жастарды отансүйгіштік рухта тәрбиелеуге, тіл үйретуге бағытталған іс-шараларды жүзеге асырып отыр. Сондай-ақ, түрлі деңгейдегі мәдени шараларды ұйымдастыруға белсенді түрде атсалысып келеді. Сыр өңірінде бұл бағытта қолға алынған игі шаралар көп.

Қазір «Достық үйі» ғимараты алыстан көз тартады. 1967 жылы «Алтынсарин» кинотеатры ретінде іргетасы қаланған ғимаратқа 2015 жылы қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілді. Мұнда этномадени бірлестіктер, аналар және қоғамдық келісім кеңесі, медиация кабинеті, волонтерлер, журналистер мен сарапшылар клубы, «Ассамблея жастары» ұйымы жұмыс істеуде. Сондай-ақ, кітапхана, мәжіліс және концерт залдары, тілдерді оқыту бөлмесі секілді арнайы орындарды кездестіруге болады.

«Достық үйінің» жұмыс ауқымы да, маңызы да жыл сайын кеңейіп түсуде. Мұнда облысымыздың белгілі ғалымдары мен шығармашы тұлғаларын шақыра отырып, әртүрлі ғылыми-тәжірибелік конференция, семинар, байқау, кездесу, форум, фестивалдар өткізу дәстүріне айналған.

Жыл сайын жоспар бойынша әртүрлі форматта іс-шаралар өткізіледі. Бүгінде мәжіліс және концерт залдары қоғамдық бірлестіктер үшін диалог алаңына айналды. Татулыққа, достық пен бірлікке үндеген көптеген іс-шаралар тұрақты түрде өтіп келеді. Барлық этнос өкілдері бұл бағытта өз ойын ашық жеткізіп, алдағы жұмыс жоспары жөнінде кең ауқымда ой бөлісе алады. Өңірдегі әрбір этнос өкілі мәдениеті мен салт-дәстүрлерін сақтауға мүмкіндік ала отырып, ел игілігі жолында атқарылып жатқан жүйелі жұмыстарға белсенді қатысу арқылы Тәуелсіз Қазақстанның көк байрағын биікке самғата бермек.

Қалада өткен жиындардың бірінде Надежда Ярынок өзін қазақ тілінде таныстырып, баяндама жасады. Өрне біздің аймақта бұл жаналық емес. Себебі Сыр топырағында туып-өскен өзге ұлт өкілінің жастары да мемлекеттік тілді еркін меңгерген.



Гүлбану МАҚАЖАН,
«Сыр бойы»

Ел үмітті

Надежда – Ж.Нұрманов атындағы №198 орта мектептің дене шынықтыру пәнінің мұғалімі. Оқушыларды салауатты өмір салтына шақырып жүр. Жаны нәзік болса да, ісіне тиянақты. Білім ошағының техникалық инспекторы ретінде ұжымнан тәртіпті талап етіп, еңбек қауіпсіздігін бақылайды.

– Еңбекті қорғау және қауіпсіздік профилактикасы бұл – әрбір техникалық инспектордың жұмысындағы негізгі міндет. Мен өз жұмысыма еңбекті қорғау туралы заңнаманың сақталуын, ұжымдық шарт талаптарының орындалуын бақылаймын, жүзеге асырамын. Жұмыс орындарындағы жағдайларды, қызметкерлердің жай-күйін біліп, жұмысшыларды қажетті қорғаныс құралдарымен және арнайы киіммен уақытылы қамтамасыз етуді, жұмыс және демалыс уақыты туралы заңнаманың сақталуын бақылап жүремін. Ұжым ауыз-біршілігінің арқасында бұл қызметті алып жүру маған қиын соққан жоқ. «Бірлік бар жерде тірлік бар» деген. Түсіністік пен татулық, қарапайымдылық, сыйластық үстемдік құрған жерде қашанда нәтижелі іс болады. Еліміздегі ұлттар тұтастығы мен халықтар достығының арқасында бүгінде мемлекетіміз өркендеп, ілгері басып келеді, – дейді кейіпкеріміз.

Оқу орнында төтенше жағдай орын алмас үшін Надежда күндіз-түні еңбек етеді. Белсенді жас маманды мекеме басшысы Анжела Садықова да үнемі қолдап отырады. Республикалық сайыста әріптестерінен озып, «Еңбекті қорғау жөніндегі үздік техникалық инспектор» атанған. Ал білім ошағының кәсіподақ комитетінің төрайымы Баян Әкімбаева ұжымды ұйытуды Надежданың да еңбегі зор екенін айтады.

Ол – мектептің еріктілер тобының белсенді мүшесі. Түрлі мәдени-көпшілік іс-шараларға, қайырымдылық акцияларына қатысады. Надежда Андрейевна бүгінде жолдасымен бірге бір ұл тәрбиелеп отыр. Елдегі ұлтаралық татулық осындай жастардың жарқын өмірін көрсетеді. Қызмет пен отбасыны қатар алып жүрген жалынды жас – мектебінің ғана емес, елдің үкілеген үміті.

МУЗЕЙДЕГІ МҰРА

Кебеже бетіндегі көркемдік

Ежелгі халықтардың қай-қайсысы болса да негізгі күнкөріс кәсібін аңшылық пен мал өсіруден бастаған. Сондықтан хайуанаттардың еті, майын, ішек-қарнын, терісін, жүнін, тарамысын пайдаға асыра білуімен қатар олардың сүйегінен, мүйізінен көптеген мүліктер, қару, жабдықтар жасаған. Алғашқыда сойылған малдың қабырғаларын пышақ орнына, жауырынын қалақ орнына пайдаланған. Келе-келе адам баласы сүйекті сүйекпен жону, таспен егеу, отқа күйдіру сияқты әдістерді тапты. Ақырында сүйектен, мүйізден түрлі қолөнер туындылары жасалды.

Негізінен үй бұйымдарын әсемдеуге жылқы мен түйе сүйектері ғана жараған. Оның өзінде ең алдымен, олардың жауырын сүйектері мен қабырғалары қолданылса, кейде әсемдеу үшін жіліктің қас сүйегі іске асқан. Әдетте, қыстығүні соғымға сойылатын ірі жылқы мен түйе сүйектерінің жарамдыларын тастамай жинаған. Шеберлердің айтуы бойынша шикі сүйектен гөрі асылған еттің сүйегі өңдеуге қолайлы болған. Семіз соғымның сүйектері тым майлы болған жағдайда, оларды артық майдан арылту үшін өңдеу алдында тағы да бірнеше сағат суға қайнатып алған. Әсемдейтін

бұйымдардың ыңғайына қарай дайындалған сүйектерден мүмкіндігінше көлемі жағынан біркелкі тік бұрышты, төрт бұрыш, шаршы, үш бұрыш, ромбы тәрізденген әшекейлер кесіліп алынады, олардың беттері тегістеледі, мұқият өңделеді.

Қазақ халқының қолөнерінің ішінде, өнер туындыларына жататын бұйымдардың бірі – кебеже. Оны ежелден азық-түлік сақтауға пайдаланған. Этнографиялық деректерге қарағанда сүйектелген кебеже Сырдарияның төменгі ағысын мекендейтін жұртшылықта көптеп кездеседі. Бізге келіп жеткен, қазіргі музейлер ко-

рында сақтаулы кебежелер өте әсем көркемделген. Көлемі жағынан да, сыртқы сәндік жағынан да бірін-бірі қайталамайтын сан түрлі.

Облыстық тарихи-өлкетану музейі қорында өте құнды сүйектелген кебежелердің және жұкаяқтардың бірнеше түрі сақталды. Беткі жағы әртүрлі геометриялық фигуралар формасында жонылып, өрнектелген сүйек әшекейлермен жабылған. Ақсары сүйек түстері өте жақсы үйлесім табуының өзі кебеже жасаушы шебердің талғамының жоғары болғандығын дәлелдейді. Сонымен қатар кебеженің сыртқы көркемдік бейнесіне қарап, мерзімі XIX ғасырдың аяғы XX ғасырдың бас кезі екендігі байқалады.

Этнографтардың айтуы бойынша, кебеженің жалпы формасы және жасалу әдісі барлық өңірлерде бірдей. Кебеженің биіктігі – 45 сантиметр, көлденеңнен – 80 сантиметр. Төрт қабырғасы, түбі мен қақпағы төрт қырлы төрт қазық арқылы біріктірілген. Тек бет жағы ғана әсемделген.



Ал, артқы беті мен екі жаны қызыл, қоңыр бояумен боялып, 12 тікбұрышты сүйек әшекейлері зергерлікпен киоластырылған. Бұлардың астына қызыл шұға мата төселген. Бетінің ең ортасына үш жерден төрт-төрттен біріктірілген сыңар мүйіз тәрізденіп жонылған сүйек әшекейлер орнатылған. 1982 жылы желтоқсан айында Шнелі ауданының тұрғынынан музей қорына түскен.

Дәл осындай келесі кебеженің бет жағындағы өрнегі ромбы тәрізденген әшекейлер кесіліп өрнектеліп, 17 тікбұрышты және 12 үшбұрышты сүйек әшекейлері зергерлікпен киоластырылып, екі жаны қоңыр түсті бояумен боялған. Оны бұдан 60-70 жыл бұрын ағаш шебері жасаған.

Ерекше тоқтала кететін бұйымның бір түрі – сүйектелген жұкаяқ. Қазақстанның барлық өңірінде көп жасалған қажетті үй жиһазы. Аты айтып тұрғандай, бұл жиһазға жүк жиналады. Ағаш ұсталары оны жасауда қыруар еңбек сіңірген. Өрқайсысы өз әлінше көркемдеп жасауға ұмтылған. Шексіз қиялға ерік беріп, шынайы шеберлігімен жұкаяқтың сан алуан үлгілерін қалдырды. Қазір музей қорында сақтаулы тұрған сүйектелген жұкаяқ 4 бөлшектен құрастырылған. Аяқтары үстіңгі ағаштың екі шетіне қиыстырылған. Екі аяқтың арасы төменгі жағынан жіңішке тақтаймен

қосылған. Бет жағы түгелдей түсті бояулармен әдемі өрнектелген. Өр композиция өз алдына бөлек орындалған. Ою ерекшеліктеріне келсек, екі аяқ беттеріне ботакөз өрнегі беленеленген. Үстіңгі ұзын ағашының беттеріне өсімдік тектес әдемі ою-өрнек жүргізілген. Жұкаяқтың ұзын тұрқы 104 сантиметр де, биіктігі 50 сантиметр шамасында жасалған. Қолөнер шеберлерінің бұйымды көркемдеуге, ою-өрнектерді орналастыруда симметриялық заңдылықтарды қатаң сақтағанына қарап нағыз өнер адамдары екенін білуге болады. Қарапайым ғана тұрмыстық бұйымдардың өзінен, табиғат аясында өскен ата-бабаларымыздың сұлулық дүниесіне жаны жақын, эстетикалық талғамы жоғары болғандығын аңғартады. Музей қорында сақтаулы мұндай жәдігерлеріміздің барлығы баға жетпес асыл құндылықтарымыз екені сөзсіз.

Еңлік БАЙМҰРЗАЕВА,
облыстық тарихи-өлкетану музейінің бөлім меңгерушісі

Газетіміздің келесі саны 4 мамыр, сәрсенбі күні шығады

www.facebook.com/syrboyi.kz/

https://twitter.com/syrboyi

www.instagram.com/syrboyi_kz



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)
БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыз газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.
Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.